

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№16
(886)

Бейсенбі, 23 сәуір 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қайырымдылық

КӨШЕТТЕР ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ



да болып өтті. №1 Саумалкөл орта мектебінің жанындағы Даңқ аллеясына қарағай мен қайың көшеттері отырғызылды. Аталмыш игілікті іске аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, ардагер-ұстаз Ида Смирнова, мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Айыртау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлері де мекеме ғимаратының маңайын тазартып, ағаштарды өктеді. Содан кейін басқарма басшысы Саян Мейрамовтың жетекшілігімен бір топ қызметкерлер Ұлы Отан соғысының ардагері К.И. Кубрактың үйіне барып, үйдің маңайын абаттандыруға көмектесті. Үйдің шатырын сырлауға қажетті көлемде сыр әперді. Майдангер де өз кезегінде қызметкерлерге ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді.

Жылдың көктемгі және күзгі маусымдарында үш айға жоспарланған тазалық айлықтары жарияланып, қоршаған орта мен экологиялық заң талаптарына сай санитарлық-эпидемиологиялық тазалық, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары қолға алынады.

Міне, биыл да сол игі дәстүр жалғасын тапты. Сөйтіп, аудан көлеміндегі елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында аудан әкімдігінің қаулысымен тағы да тазалықтың ұшайлығы жарияланып, ол сәуірдің 11-ы мен шілденің 11-ы аралығын қамтитын болды.

Ұшайлық басталысымен-ақ аудан орталығындағы көптеген мекемелер мен ұйымдар, жеке үйлердің тұрғындары ауа-райының қолайсыздығына қарамастан өздері тұратын кеңселері мен ғимараттарының маңайын қыс бойы жиналып қалған күл-қоқыстардан



тазартуға кірісті. Үй-жайлардың маңайлары абаттандырылып, көшелерге көшеттер отырғызыла бастады.

Осындай бір игі шара өткен апта-

Аудан орталығы мен елді мекендерінде алдағы уақытта да осындай сенбіліктер жалғасын табатын болады.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Аудандық байқау

Әр жүректе — туған ел

15 сәуір күні аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына, Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдығына арналған көркемөнерпаздар ұжымдарының аудандық байқауының қорытынды шығармашылық есеп беру концерті өтті.

Байқаудың концерттік бағдарламасы екі бөлімнен тұрды: балалар және ересектер. Көрермендер ауданымыздың ең дарынды өртістерінің шығармаларына күй болды. Әр ауылдық округтің өнерпаздары өздерінің үздік нөмірлерін дайындапты. Әуезді әндер шырылып, әсем билер биленді, өдебиеттік қойылымдар да сахналанды. Орындалған шығармалардың әрқайсысы да марапатқа лайық болды, көрермендер де ықыластарын аямай-ақ төкті.

Вокалдық нөмірлер терең сезімге толы болса, би топтары да жақсы өнер көрсетті. Мектептердің драма ұжымдары жоғары бағаға ие болды. Хорлар шырқаған әндер әділқазылар көңілінен шықты. Аталмыш концерт берілген тақырыпқа сай болып қана қоймай, мәдениетіміздің көпұлтты әрі саналуан екендігін көрсете білді.

Концертті қорытындылайтын уақыт та келіп жетті. Үшінші орынды №2 Саумалкөл МГ мен Константиновка ОМ; екінші орынды Саумалкөл ҚОМ мен Мәдениет ОМ иеленсе, №1 Саумалкөл ОМ мен Имантау ОМ өзара бөлісті. Бас жүлде — Гран-приді Айыртау мектеп-интернаты жеңіп алды.

Мектепке дейінгі мекемелер арасында үшінші орында — Құспек балабақшасы, екінші орында — Константиновка балабақшасы, бірінші орында Нижнеборлықтағы «Балдырған» балабақшасы.

Ауылдық клуб мекемелері арасында жүлделер былайша бөлінді: үшінші орында — Антоновка Демалыс орталығы, екінші орын — Арықбалық АМУ, бірінші орын — Кирилловка

ауылдық клубы.

Селолық округтер арасында үшінші орын Арықбалық және Гусаковка ауылдық округтері, екінші — Украин және Константиновка, бірінші орын — Имантау ауылдық округі, ал Гран-приді Володар ауылдық округі жеңіп алды.

Аудандық байқауға белсене қатысқаны үшін Карасевка, Казанка, Елецкий, Қаратал, Гусаковка, Златогор, Ақан, Лобаново, Нижний Борлық, Лавровка орта мектептері, Новосветловка, Береславка, Кутузовка ауылдық клубтары, сондай-ақ Имантау ОМ-нің би ұжымдары мен Сырымбет ОМ-нің «Ажар» халықтық би ұжымы мадақтамалармен марапатталды.

АМУ ардагерлердің хор ұжымы, Саумалкөл ҚОМ, №1 СОМ, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған Айыртау мектеп-интернаты ұстаздарының хор ұжымдары, «Саумалкөл самалы» (аудандық Мәдениет үйі), «Баярыня» (Арықбалық АМУ), Имантау ауылдық округі мен Антоновка Демалыс орталығының ансамбльдері, Береславка ауылдық клубы ардагерлерінің, Имантау ауылдық округінің, Мәдениет ОМ, №1 СОМ, Арықбалық АМУ вокалдық топтары, апалы-сіңлілі Письменныхтар триосы, Рожовтардың жанұялық дуэті, тағы да басқа көптеген ұжымдар мен топтар да марапаттан құр қалған жоқ.


Ауданымыздың ұстаздар ұжымдарына сыйлық сатып алуға «Білім беру қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіби одағы» Айыртау ОБ» филиалы белсене қатысты.

Жанат СӘБИТОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

26-сәуір күні Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтуіне байланысты Саумалкөл ауылында көше бағытындағы №1 және №5 автобустар толық күн режимінде жұмыс істейді.

26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді



Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларын аккредиттеу аяқталды

20 сәуірде Орталық сайлау комиссиясы «2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу туралы» қаулы қабылдады. Оған сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Сайлауды байқау жөніндегі екі миссиядан, бір халықаралық ұйым мен төрт шет мемлекеттен тағы 146 байқаушы аккредиттелді.

Олардың ішінде 79-ы — Сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның Миссиясынан, 39-ы — ТМД-дан байқаушылар Миссиясынан, 3-еуі — Ислам ынтымақтастығы ұйымынан, сондай-ақ 18 байқаушы — АҚШ, 3-еуі — Ресей Федерациясынан және екеуден — Әзірбайжан Республикасы мен Украинадан.

Жалпы алғанда, Ортсайлауком 858 байқаушыны аккредиттеді, олардың 293-і — ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының, 410-ы — ТМД Миссиясының және 10-ы — ШЫҰ Миссиясының, 15-і — Түркітілдес

мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің, 11-і — Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының, 3-еуі — Ислам ынтымақтастығы ұйымының өкілдері және 37 шет мемлекеттен 116 байқаушы. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде 37 мемлекеттен бұқаралық ақпарат құралдарының 168 өкілі аккредиттелді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдар мен шетелдік БАҚ өкілдерінің 1026 байқаушысы байқауды жүзеге асырады.

20 сәуірдегі Ортсайлаукомның отырысында сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығынан байқаушылар Миссиясының байқаушысы В.В. Терешкованың аккредиттелуін жою және Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының шығып қалған мүшесінің орнына заңмен белгіленген тәртіппен комиссияның жаңа мүшесі сайланғанға дейін С.У. Оспанованы тағайындау туралы шешімдер қабылданды.

(Ресми ақпарат).

Біздің дауысымыз маңызды



Ұлы Отан соғысының алдында туып, балалық шағымыз соғыс кезеңімен тұспа-тұс келген ұрпақ, біз үшін Жеңіс деген жай сөз емес. Қыршынынан қиылған өкелеріміздің арманда кеткен өмірі. Жесір аналардың, баласынан қара қағаз келген отбасының, жетім балалардың зары мен мұңы. Біз арманда кеткен өкелеріміздің аманатын арқалап өстік. Әке арма-

нын жалғастыру үшін жақсы оқып, алдыңғы қатарда елімізге қызмет етуге атсалыстық. «Әке жолын қуып, мұғалім болдың» - деп әжем айтқанда, соған қуанып, тәубеме келуші едім.

Енді, міне, елімізде егемендік орнап, ата-бабамыздың арманы орындалып отыр. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» - деп бекер айтылмаған. Еңбек түбі — береке. Өміріміздің мәні де, сәні де ұлтаралық татулық екеніне кміл сену керек. Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында еліміз өркендеп, тұрмысымыз жақсарды. Жаһандану заманында алпауыт көршілермен тереземіз тең болып өмір сүру үшін алдымыздағы 26-сәуірде өтетін Президент сайлауына қатысу баршамыздың міндетіміз. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды екендігін естен шығармайық.

Көпбалалы ана, ардагер-ұстаз ретінде, жерлестерімді осы сайлауға бір кісідей қатысып, өзінің жүрегі қалаған үміткерге дауыс беруге шақырамын. Қазақ елі бірлігі жарасқан ел. Аспанымыз ашық болып, сіздерді Алла жарылқасын!

Бақыт ӘБДІЛМАНОВА,
ардагер-ұстаз.

ЖЕҢІС ҮШІН атамызға мың алғыс!



**Ата сенің ерлігің сақталады,
Жыр болып жүрегімде жатталады.
Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,
Ұрпағың мәңгі бақи мақтанады.**

Менің атам Молдағайыпов Аусат Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс ардагері. Атам кең иықты, сом денелі, ұзын адам болғанын суретінен білемін. Атам 1925 жылы сырлы өлке атанған Сырымбет жеті көлінің шұрайлы жеріне қоныстанған Қоскөл ауылында дүниеге келген жастайынан еңбекке араласқан. Атамның балалық шағы 1931-1932 жылдың аштығымен, елді күшпен шоғырландыру, көмпеске сияқты зұлмат жылдармен, түспа-түс келген екен. Атамыз бабам Молдағайыптың арқасында 5 кластық білімді Казгородокта (қазіргі Сырымбет ауылы) оқыды. Осы кезде неміс басқыншылары Кеңес өліне соғыс ашады. Қоскөл ауылындағы ер-азаматтардың 89-ы соғысқа аттанады. Ауылда жылап-сықтап кемпір-шал бала-шаға қалады. Атамды егіс-басында бригадир етіп қояды. Өз алғырлығымен трактордың тілін біліп жер жыртып, егін себеді. Сол кезде майданға кеткен ерлердің үйіне күнде-қара қағаз келіп, ауыл шулап жылайтын болған, Қоскөлде он алты үйдің шаңырағы жабылған екен.

1943 жылы 27 қаңтарда «Менің жаным ағаларымнан артық па?» деп ойлаған атам әскери комиссариаттың табалдырығын аттап, майданға аттанып кетеді. Алты ай Байкал әскери округында (884-атқыштар полкі қатарында, Чита облысы, 74-разъезд) пулеметші-атқыш дайындығынан өтіп, Белорус майданында болып Витебск, Смоленск, Сталинград қалаларын азат етуге майданда шайқасады. Соғыстың аты соғыс емес пе, атам 1944 жылы қаңтар айында майданда ауыр жараланып, Москва облысы Орехово-Зуева қаласында госпитальде түсіп, дәрігердің «келге қайт, денсаулығың келмейді» деген сөзіне қарамай майдан даласына қайта аттанады. 1945 жылдың көктеміне дейін сан ұрыстарға қатысады, сол жерде арқасын оқ тесіп өтіп, ауыр жараланады. Төрт ай Мәскеуде емделіп елге қос балдақпен оралады. Соғыстан кейін атамның төсінде «Бірінші дәрежелі Отан соғысы» орденімен қатар «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары жарқырады.

Атаммен бірге соғысқа кеткен қаншама боздақтар майдан даласына қайтпай қалды. Асқар таудай атам, бейбіт өмірде де, өліне адал абыройлы қызмет еткені үшін алған 14 медальын мен көзіммен көріп, қолыммен ұстап ол кісіні мақтанышпен сағына еске аламын.

Елге келіп атам әжем Майфрузамен шаңырақ көтеріп, он екі баланы дүниеге әкеліп, оқытып, тәрбиелейді.

1944-1950 жылдары «Қаратал ауылдық советінің орынбасары» болып қызметке орналасып, оқуын сырттай жалғастырады. Атам Қызылжар қаласында ауылшаруашылық техникумына түсіп, үш жылдан кейін



«агроном» мамандығымен Казгородокқа келіп, Сырымбет селолық советінің төрағасы болып сайланады.

1950-1958 жылдар аралығында Сырымбет (Казгородок) селолық кеңесінің төрағасы, бас агроном, парторг басқарма («40 лет Октября» колхозында) қызмет атқарды. 1959-1963 жылдар аралығында «Жданов» колхозының басқармасы болды. Осы Қызылскер ауылында (қазіргі ескі мектеп) орта мектеп салғызды, ауылға электр шамын тартқызды және ауылға дейін Карасевка селосынан тас жол салғызып, еңбегін сіңірді. Атам 1964 жылдан бастап Егіндағаш ауылында істеп жүрген кезде кеңшарларда ауылдық, селолық кеңестің депутаты болды. 1981 жылы Қаратал ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайлануына байланысты Қараталға қоныс алды. Зейнеткерлікке дейін осы қызметті атқарды. 1985 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Атамыз 1996 жылы бұл дүниеден бақылыққа озды.

Менің әкем шаңырақта оныншы бала. Менің әкем дүниеге келгенде, әкемнің кеудесіне «Алтын жұлдыз» таққан екен. Әкемнің аға-бауырлары басқа ауыл, қалаларда абыройлы қызмет істейді. Атамыз тірі болса биыл 90-ға толып, өзі қатысқан Ұлы Жеңістің 70 жылдығын бізбен бірге көруші еді, оған жете алмады. Біздің отбасы атамның шаңырағын ұстап отырғандықтан, жыл сайын 9-мамырда туыстарымыз жиналып, атамды бен әкемізді еске алып дұғалық жасау әдетке айналған. Ойымды түйіндей келе, Ұлы Отан соғысына қатысып, жан пида болған боздақтарға, менің атам сияқты майданда кеудесін оққа төсеп елге жаралы болып келсе де, тәрбиелі ұрпақ өрбітіп, өмірінің соңына дейін халқына қалаулы қызмет атқарғаны үшін басымды иемін!

Ермахан АУСАТ,
Қаратал ОМ-нің 4 сынып оқушысы.

Аталар салған ерлік жол

Жылдар өткен сайын Ұлы Отан соғысының жаңғырығы Тарих қойнауына тереңдеп барады. Бірақ оның артқа тастап қойған зардабын еш ұрпақ ұмыта қоймас. Мен – Нәжкенов Айдын Есімұлы – Тәуелсіз Қазақстанымның 1999 жылы дүниеге келген төл перзентімін. Әлемдегі барлық мемлекеттер алдында Мәңгілік Елге айналған толерантты мемлекетімнің кішкентай бір бөлшегі болғанымды мақтан тұтам, мақтанам. Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың салып берген Нұрлы Жолында болашағыма нық қадам жасауда ерінбей еңбектену – алдыма қойған асыл мақсатым.

Ес білгелі тойланып келген 9-мамырдағы Жеңіс күні – мен үшін шаттандыратын, әрі қуантып, әрі қамықтыратын ерекше күн. Шаттанатыным – жер беті фашизмнің зұлымдығынан құтылды, қуанатыным – егіндіағаштық өз атам Сәдуақасов Нәжкен мен дәуқаралық нағашы атам Сәрсекөв Ақжігіт осы қан майданның қақ ортасында қан көшкен майдангер-ардагерлер, қамығып, сағынатыным – ортамызда олардың жоқтығы, биылғы 70 жылдығын ел болып тойлайтын мерейлі Жеңіс күні қасымнан табылмауы. Сол аталарымның алақанының жылуын сезініп, «айналайыным» дегенін ести алмай өстім. Себебі екі атам да екі мыңыншы жылдардың басында дүниеден өтіп кетті. Өкінішті. Қатты өкінішті... Мен есейіп, азамат болып қалыптасып

келемін, терең ойларға батам, өз пікірімді айта аламын, тәуелсіз, еркін өсіп келе жатқан құрдастарымның арасында сыйлымын. Бірақ, бірақ... теледидардан кеудесі ордендерге толы ардагер аталарды көргенде бейнелерін есіме түсіре алмай жүрген аталарымды ойлаймын. Солардың тізелеріне отырып, еркелеп, төбемнен иіскете алмағанымна жаным ауырады, жүрегім сыздайды, сағынамын. Олардың есімін жүрегімде сақтап, ерліктеріне тағзым етуден басқа мен енді не істей аламын? Қолымдағы «Жеңіс жауынгерлері» жинағын парақтап отырып, екі атам туралы мәліметтерді қайта-қайта оқып отырымын. Нәжкен атам 1916ж. дүниеге келген, соғысқа 1941ж. Егіндіағаш ауылынан аттанған. Ал 1926ж. туған Ақжігіт атам әскер қатарына 1943ж. Дәуқара ауылынан шақырылыпты. Ол кезде Ақжігіт атам 17-де, Нәжкен атам 25-те екен. Елге 1946 ж. кіші сержант лауазымымен оралған Нәжкен атам соғыста 130-атқыштар батальонында болған, «Германияны жеңгені үшін» медалі, мерейтойлық медальдармен марапатталған. 2002ж. дүниеден өтіп, Егіндіағашта жерленген. Қатардағы жауынгер, «II дәрежелі Отан соғысы» орденінің иегері Ақжігіт атам майданда №129 атқыштар дивизиясы мен №518 атқыштар полкі құрамында шайқасқан. Елге 1945 жылы оралған Ақжігіт атам Кеңес дәуірінде мерейтойлық медальдармен марапатталған. 2001 ж. дүниеден озған нағашы атам өзінің

туған ауылы Дәуқарада жерленген.

«Соғыс» дегенді тек кинолардан көріп, кітаптардан оқыған менің замандастарым үшін ардагер аталарым жүріп өткен ерлік жолдары – олардың өз Отанына, туған халқына деген шексіз, адам айтса, нанғысыз жанқиярлықтың өшпес үлгісі болып қалатыны сөзсіз. Өлім мен өмір тірескен сұрапыл қанды шайқаста ерлік пен қаһармандық танытқан майдангер аталарымның даңқы мәңгі есте қалады. Ғұмырым жетсе, олардың ерлігін болашаққа жыр етіп, паш етуді өз мойныма алар едім. «Есейемін, өсемін, білім алып, елге пайдасы тиетін маман боламын, азамат болып, ержетіп, ұрпақ сүйемін», – деген арман әр жанның көкейінде жүреді деп ойласам, мен де сол армандарға жеткім келеді. Ежелгі дәуір ғұламасы Сайф Сараи да: «Құс қанатымен, адам талабымен, түлпар жалымен, тіршілік жанымен көрікті», – деген ғой.

Ау, адамзат! Бұдан былай соғыс бұпты төнбесінші төбемнен! Көгімде – күнім тұрсын жарқырап, жерде – гүлім өссін жайқалып! Жеңіс күні тек осы 70 жылмен шектелмей, ұзағынан болсын! Қатары сиреп келе жатқан майдангер аталар жолы Тәуелсіз Қазақстанның бақыты болашағы – біздердің жарқын жолдарымыз болып, жалғасын таба берсін – деп жар саламын бар әлемге мен.

Айдын НӘЖКЕНОВ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің 10 сынып оқушысы.

Соғыс баласының бірі



Ел басына күн туған сәтте, толарсақтан саз көшіп, қан майданның барлық ауыртпашылықтарын көріп, Жеңіс туын неміс басқыншыларының ел ордасында желбіреткен ата-бабаларымызға ерекше ризашылық білдіріп, тағзым етіп, бас иемін. Сұрапыл соғыстың кесірі басына тимеген адам баласы жоқ шығар. Өмір мен өлім алысып-арпалысқан сын сағатта қасық қаны қалғанша елің, жерін қорғаған ата-бабаларымыздың бірі өзімнің ұлы атам – Жәркен Өсіпұлы. Атамыз аға лейтенант шенінде Ұлы Жеңіс үшін үлкен маңызы бар Курск доғасы шайқасына қатысып, артынан хабаршарсыз кетті деген қара қағаз келген.

Жәркен Өсіпұлы 1941 жылы қан майданға аттанғанда, артында қалған тұяғы және соғыс баласының бірі Бүркітбай Жәркенұлы Өсіпов ағамыз бір жаста еді. Бүркіт ағамыз Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Қаратал кеңшарына қарасты Чапай ауылының тумасы. Жетімдіктің қасіретін көп көріп, қазақ халқының қанына сіңген ағайын-туыстың бауырмалдық сезімінің арқасында және өзінің бойындағы оқуға, білімге деген құштарлығымен, жігерлі мінезімен Келлеровка орта мектебін өте жақсы бағамен аяқтап, Байқоңыр ғарышжайында орналасқан әскери бөлімнің белсенді комсомолдық ұйымдастырушысы болып әскери борышын атқарды.

1962 жылы №25513 әскери бөлімнің кешкі партиялық мектебінің бір жылдық саяси бөлімінде оқып, 1968 жылы Алматы қаласында Қазақ политехникалық институтын бітіріп, 1983 жылы Кеңес Одағының Коммунистік партиясының Орталық комитетінде қоғамдық ғылым академиясын бітірді.

Құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін бірқатар лауазымды қызметтер атқарды.

Көкшетау қалалық атқару комитетінің төрағасы болған кезде «Көкшетау» деп аталған қаланың аты «Көкшетау» деп ауыстырылды. «Көкшетау правдасы» деген облыстық газет «Көкшетау» деген атпен шыға бастады. Қалаға кіре берісте, теміржол және автобекеттерінде, әуежай ғимараттарында бұрынғы маңдайша жазулар, көрсеткіштер алынып тасталды. Қазақ елінің сал-серілері - Ақан сері және Біржан салға ескерткіштерді жобалап, дайындап, орнатуға қалалық бюджеттен қаржыландыру жүргізілді. Қалалық атқару комитетінің төрағасы Көкшетау қаласының көшелерін қазақ халқының Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев деген даңқты ұлдарының аттарымен атауға себепкер болды. 1989 ж. Көкшетау және Уокешо туыстас қалалардың халықаралық комитетінің бірінші төрағасы Өсіпов Бүркітбай Жәркенұлы болды. Туыстас қалалардың қарым-қатынастарының арасында жүргізілген нәтижелі жұмыстардың бірі – балаларды емдеу және дәрігерлік көмек көрсету болды. АҚШ –да жүректеріне операция істелгеннен кейін өмірге қайта оралған балалар: Катя Суслонова, Дима Киселев, Лаура Нұралина, Сергей Кузнецов, Марина және Ира Шулаковтар.

Бүркітбай Жәркенұлы Өсіпов еліне сіңірген еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Гың жерлерді игергені үшін», «Қазақстан мұнайына 100 жыл» медальдарымен III-дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен және көптеген алғыс хаттармен марапатталған.

Қазіргі кезде, еліміздің елордасы Астана қаласында Бүркітбай ағамыз жеңгеміз Сара Жауханқызы екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп, үш немере сүйіп отыр.

Нұрлан АЙСИН.
Көкшетау қаласы.

Ешкім де, ештеңе де ұмытпайды!

Міне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске де 70 жыл болып қалды. Соғыстың аяқталғанына көп уақыт болса да, бұл жан түршігерлік оқиға болды. Осы соғыста қаншама ер жүрек батырлар, қаншама қыздар елі, жері үшін жанын қиған. Кеше ғана мектеп партасында отырған боз-балалар мен бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды. Сол кісілердің арқасында біз бейбіт елде туған ұландармыз.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қылып тарих бетінде қалдырды. Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Ақан Құрманов, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған таңдаулы ер жүрек ағаларымыз бен әпкелерімізді қалай мақтаныш етсек те жарасады. Әкелеріміз бен аталарымыз осынау қан майданға өздерінің жанкештілік қаһармандығымен басқа еуропалық ұлттар алдында өжеттілігімен, қайсарлығымен танылды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін соғысты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Осы соғыс қаншама адамдардың өмірін қиды. Қаншама қалалар мен ауылдар күйреді, қанша мектептер мен кітапханалар өртенді.

Бірақ, ата-бабаларымыз Ұлы Жеңіске жетті. Бұл Жеңіс сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Сол күннен бастап Жеңіс күнін тойлайтын болды. Бұл мейрамды, өздерінің әкелері мен аталары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңісті барлығы да тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Біздің ауылымыздан да көп адамдар өз еріктерімен соғысқа аттанған. Олардың ішінде ерлікпен қаза тапқандары да, үйіне оралып жанұясымен қауышқан батыр аталарымыз да бар. Солардың бірі менің атам-Ыбыраев Шаужан Кенжеболатұлы 1925 жылы 11 наурызда туған. Соғыс өрті басталғанда 16 ғана жаста еді. Өзі сұранып жүріп, 18 жасында 1943 жылы соғысқа аттанады. Атақты қолбасшы Рокоссовский басқарған 3-ші Беларус майданында әуелі 350-ші артиллериялық полкта пулеметші, одан кейін соғыс біткенше барлаушы болды. Вильнюс қаласын азат етерде неміс генералын «тілжүретінде әкелгені үшін III-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен, 1944 жылы қоршауда қалған өз полкын барлауға барып келіп, қоршаудан алып шыққаны үшін II-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады. «Кенісбергіт алғаны үшін», «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған.

Елге 1948 жылы оралып, бейбіт өмірде еңбек майданына араласады. Осындай Жеңістің арқасында біз байтақ Қазақстан деген елде тұрып жатырмыз. Біз осы елде туғанымызға қуануымыз керек. Бүгінгі таңда біздің еліміз әлемге егілігі.

Өткен ғасырдағы сұм соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытпаймауы керек. Осы Жеңіс үшін аталарымызға бас иеміз!

**Судай көңіл бұзылып,
Түскенмен түрлі ой бүгін.
Жеңістің жетпіс жылдығын,
Мейрамдап жатыр ой –қырым.
Салмағын бір сәт жеңілтіп,
Сұм соғыс салған қайғының.
Жанарымызға жас алып,
Тойлайтын ұлы той бүгін.
Қаншама уақыт өткенмен,
Ұмытпадық бұл күнді.
Тойладық бұны жетпіс жыл,
Тойлаймыз әлі қаншама .
Бабадан қалған дәстүр бұл,**

**Жалеасын таппақ әлі де.
Қазақстан тату ел болып,
Соғыссыз болсын әлбетте.
Тату болып тұрсақ әрдайым,
Балалар үмітін ақтаймыз.
Алла өзі жар болсын,
Тату болсын, бай болсын.
Еліміз біздің әрқашан,
Жеңіс туын көтеріп ,
Жүре берсін әрқашан.**

Асылжан АРАПОВА,
Карасевка ОМ-нің 6 сынып оқушысы.

Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

Еліміздің ежелгі заң ережелері



Майқы би, аңызға айналған тарихи тұлға, атақты би, шешен. Аңыз бойынша, би атанған тұңғыш адам. Шыңғыс ханның замандасы әрі оны хан көтерген 12 бидің бірі. Майқы бидің Шыңғыс ханның оң қолы, ел басқару ісіндегі ақылшысы, бас биі болғаны, Жошы хан әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылады. Осы дерек моңғол жылнамасы «Алтын тобчида» да бар. Халықтың әдет-ғұрып, салтың, жол-жоралғысын заңи қағидаға айналдыруда Майқы бидің алатын орны ерекше. Халық арасында кең тараған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген мақал бар.

Майқы би түрік халықтары әлі бөлінбей тұрған кезде өмір сүріп, әділдігімен, шешендігімен жалптыүркілік қайраткер дәрежесіне көтерілген. Майқы биді өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары да өз биі деп есептейтін. Майқы би шығарған жеті түрлі құқықтық қағидаларды Қазақ мемлекетін ғасырлар бойы басқарған Жәнібек хан, Керей хан (1456-1480), Бұрындық хан (1480-1511), Қасым хан (1511-1523), Тахир хан (1523-1533), Хақназар хан (1538-1580), Шығай хан (1580-1582), Тәуекел хан (1582-1598), Есім хан (1598-1645), Жәңгір хандар (1645-1652), қолданып, ол Тәуке хан тұсында дүниеге келген «Жеті жарғы» заң ережелеріне дейін жалғасты.

Қасым ханның «Қасқа жолы» - қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығы. Қасым хандық құрған кезде (1511-1523) ел басқару ісінде қолданылған. Қасым хан өзі билік құрған кезеңде қазақ халқының этникалық аумағын кеңейту барысында әдет-ғұрыптық заңдарға арқа сүйеді. Тіпте шариғат қағидасын мығым ұстанған отырықшы аудандар да Қасым ханның қол астына өткен соң, әдет-ғұрыпқа сүйенген қазылық биліктерге жүгіне бастады. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтады. Мысалы: жеті атаға дейін үйленбеу, өменгерлік, құдалық жол-жоралар, қазылық билік, және т.б. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүрді, әдет-ғұрыптық «жарғыны» жаңғыртып, күшейтті. Бұл заңға енген ережелер: 1) мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы); 2) қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу); 3) әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4) елшілік жоралары (май-талман шешендік, халықаралық, қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық); 5) жұртшылық заңы (шүлген тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бөйге ережелері, жасауыл бекеул, тұтқауыл міндеттері). Бұл жарғы халық арасында ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кетті. «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз 17 ғасырға жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598-1645) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа атқа ие болды.

«Есім ханның ескі жолы» - дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдардың жиынтығы. Оның негізін жоғарыда айтылғандай Қасым хан салған болатын (1511-1523). Заң жинағында Қыпшақ, Шағатай, және басқа ұлыстарда қолданылатын өртүрлі жарғылар енгізілген. Есім хан өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасымның заңдарын іс жүзінде қолдануды өзі билік жүргізгенде қатаң талап етті. Қасымның заңы Есімнің арқасында сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірілді, соның нәтижесінде бұл заң халық арасында кеңінен тарады. Бұл заң ережелері жермен, малмен байланысты материалдық тарап-арыз, қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру және т. б.), әйелдердің жағдайы, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар, кедейлерге көмектесу және т.б. туралы мәселелерді қарады. Халық бұқарасы Қасым хан заңының ережелерін ұстауды қалады. Бұл заң жиынтығы Есім ханның құрметіне «Есім ханның ескі жолы» деп аталды.

Жеті жарғы - Тәуке хан (1678-1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. 17 ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің туына байланысты Тәуке хан елдің ауызбіршілігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Құлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік өткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. Жеті жарғыдан кейін арнайы атаулы заң жүйесі жасалмағандықтан және Жеті жарғының өзі талап, тілекті қанағаттандырылдық деңгейде болғандықтан, оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары 20 ғасырдың басына дейін қолданылып келді. (Мысалы, бұл қағидаларға Абай да үлкен мән бергені және кезінде өзі жасаған заң жобасында ескергені белгілі.) Жеті жарғы, қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден қанатты сөздерден құралған. Бұл жүйені мазмұндық-кезендік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген және Тәуке ханның өз дәуіріне, саясатына сай енгізілген өзгерістер деп үшкі бөлуге болады. Негізі Жеті жарғының толық нұсқасы сақталмаған болатын. Жеті жарғының аталуы Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты деген тұжырым жасалынған. Бұл өзгерістерде жер дауы, от-басы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасты, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдеп-ғұрып заңдары көрініс тапқан. «Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» осы хан кеңсесінің шешімі арқылы жарыққа шығып, елге таралған. Жәңгір ханның ұлы Тәуке «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жеті түрін күрделі өзгеріс енгізгендіктен ол өзгерістер «Тәуке ханның Жеті жарғысы» («Жеті жарғылары») аталып кеткен делінеді.

1824 жылы 8 ақпанда жазылған «Собрание киргизских законов и положение Омского временного комитета» деген құжаттың бастапқы бетінде бұл заңды комитет отырысында

талқылап бекітуге Ресей тарапынан генерал-губернатор Путинцов пен войсковой старшина Леденов, артиллерия майоры Симонов; қазақтар жағынан старшын капитан Са-тыбалдин, поручик Байтоқин, Сеңкібаев, Бокшиң, старшын поручик Тоқтамысов және би Құттықадамов қатысып қол қойған. Ұзын ырғасы 208 бапты құрайтын осы заңның екінші тарауы «Соттар және судьялар туралы» деп аталып, қазақтың билер соты мен билері атқаратын міндеттер 9-баптан 42-бапқа дейінгі аралықты қамтыды. Осы аталған заңның нормасына жүздеген жылдар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан ұлтымыздың дәстүрлі құқығына үзіліссіз қызмет көрсеткен әдет-ғұрып ережелерін ел ағалары қаймықпай ірігізіп, билер сотының мәртебесін батыл түрде қорғап қалған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев (1845-1904) саяси және құқықтық ілім тарихы бойынша арнайы еңбек жазбағанымен өлеңдері мен қара сөздеріне өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігін қоғамдық өмірін халықтың мұң-мұқтажы мен басқару орындарының жұмысын арқау етті. Сол уақыттағы жергілікті атқару органдары мен билер қызметінің әлеуметтік теңсіздікті жырлаған Абай әлеуметтік істерге де араласады.

Абай қазақтың ұлы ақыны ғана болып қойған жоқ, сол кездегі қазақ даласында болып жатқан саяси өмірге де, билік ісіне де араласты. Оқыған-тоқығаны көп, орыс қана емес, Еуропа әдебиетінен де нәр алған Абайды қазақ халқы биі деп те таны-ды. Абай жай ғана би болған жоқ, әділ би болды.

Абайдың билік өнері қазақтың әдет-ғұрып құқығымен де патша өкіметі енгізген сот билігімен ұштасып жатты. Қазақ даласының дәстүрі мен заңын жетік білген Абай орыс енгізген заң нормаларын да шебер пайдалана білді. Билер шешімі Абай үшін тек қана басқару мен сот жүйесі емес, сонымен қатар халықтың дәстүрі мен танымынан нәр алған билік айтуы болды.

1885 жылы Семей облысының уезаралық төтенше билер съезінде Абайдың қатысуымен ереже қабылданды. Съезд Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде өткендіктен осы съезде қабылданған ереже «Қарамола ережесі» деген атқа ие болды.

Жетпіс төрт баптан тұратын бұл Ережеде патша өкіметі енгізген нормалар ескеріле отырып қазақ әдет-ғұрып құқығының негізгі салалары да мүмкіндігінше толығырақ қамтылды. Абай басшы болып жазған «Қарамола ережесіне» құн дауы, жесір дауы, мал дауы, мүлік дауы, өменгерлік, мұрагерлік, дауларды шешу, үкім шығару және сот жүргізу тәртібінің ерекшеліктері енгізілді.

«Қарамола Ережесінің» 9-шы бабы бойынша билердің және съездің шешімдері куәгерлердің жауабына негізделді. Егер де шақырылған куәгерлерді би сенім артуға болмайды деп тапса, онда дауды куәгерлерсіз-ақ антқа беру арқылы шешу қарастырылды. Ережеде қазақтың әдет-ғұрып құқында маңызды орын алатын ант беру мен ант қабылдау тәртібі және оның мән-мағынасы ұқыптылықпен көрсетілген.

Бірінші рет ант беруге жіберілетін адамдардың жас мөлшері анықталып, ант беруге болыстық молдалар, болыстық басқарушылар, қожалар, жасы 18-ге толмағандар және 63-тен асып кеткендер жіберілмеді. Ант қабылдауды болыстық молда жүргізді және ант қабылдау бұйып халықтың алдында қабылданды. Өтірік ант берушілер көпшілікке масқара бо-луымен қатар, жазаға ұшырап, түйе бастаған бір тоғыз айып төледі.

Абай жазған «Қарамола ережесінің» оннан астам бабы қылмыстық құқық пен жазаға арналды. Оның ішінде ұрыс-төбелес, ұрлық, ұрлықты қайта жасау, адам денесіне зақым келтіру, зардап шегушілерге көмек көрсету және тағы басқалар қарастырылды. Атап айтқанда ұрыс-төбелес шығарғандар ат-шапаннан бастап үш тоғызға дейін жәбірленушінің пайдасына айып төледі. Төбелесі ұйымдастырушының айыбы басқаларға қарағанда көбірек болды.

Суға кетіп бара жатқандарға, ерт уақытында, боранда не-месе сол тәрізді апатқа ұшырағандарға көмек бермегендер бас тоғызбен айыпталды. Арық бұзғандар, көпір, құдық немесе біреудің өз еңбегімен жасаған заттарын бұзғандар келтірілген шығынды өтеумен бірге ат-шапан айыпқа да тартылды, немесе ақша бойынша 15 теңге төледі. (Ол кезде бұл ақшаға 15-30 қой келді.) Ұрлық жасаған адамдармен қатар, ұрлық жасауға көмектескендер де жазаланды. Ұрлық жасаушылар оның көлемі мен оның жасалу сипатына қарай жазаланды.

Абайдың шығармалары мен билік айту кезіндегі шешімдерінің және «Қарамола ережесіндегі» құқықтық нормаларының қазіргі күні де маңызы үлкен. Өйткені, тарихты білмей, оның жетістіктері мен кемшіліктерінің және өткен заманның ұлы тұлғалары мен ойшылдарының саяси-құқықтық ілімдері мен көзқарастарың ой-пікірлерін бүгінгі күнмен және болашақпен байланыстырмай өркенді, дамыған ел болып қалыптасу мүмкін емес. Сондықтан да Абай сияқты ұлы тұлғаларымыз бен ойшылдарымыздың ұлағатты идеялары мен асыл сөздерін бүгінгі мемлекеттік билік жүргізу, ел басқару, ел саясаты және құқықтық реформа жүргізуде тиімді пайдалану - өткен тарихтан сабақ алудың және үйренудің айқын үлгісі болып табылады.

Көшпелі тұрмыс салты келмесе кетіп, бұлдыр сағымға айналған қазақ мәдениеті көшегі өткен ғасырдың (XX ғ.) соңғы онжылдығында кеңестік идеологиялық схемалар мен рухани қондырғылардан бас тарта отырып, тәуелсіздік табалдырығына табан тіреді. Алтын заман (XIV-XV ғ.ғ.), қилы заман (XV-XVIII ғ.ғ.) және зар заманды (XIX ғ) бастан өткізген халық еркіндіктің самал лебімен қатар, нарықтық құндылықтар мен батыстық болмысқа тән индустриалдық ауа- ны да жұтуға мәжбүр болып отыр. Қазіргі уақытта кейбіреулер Қазақстанның тәуелсіздіктен кейінгі дамуын «Нұрлы заман» деп атауды да ұсынады. Бұл ұсыныс пен атаудың қазіргі өмірге қаншалықты жанасымдылығын және жақындығын болашақ өмір көрсетеді.

Асқар ПАРМАНОВ,

№2 Айыртау аудандық сотының судьясы.

«Мерейлі отбасы» байқауы

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер тура- лы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына сәйкес Отбасы құнына орай өткізіледі. Байқауға қатысуға мүшелерінде жоғары еңбек, спорттық, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар жанұялар жіберіледі.

Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең – аудандық (қалалық) (1-10 мамыр);

Екінші кезең – облыстық (10-22 мамыр);

Үшінші кезең – ұлттық (финал – 11 қыркүйек).

Ауданда байқауды ұйымдастырушысы аудандық әкімдіктің ішкі саясат бөлімі. Өтінімдер 2015 жылдың 5 мамырына дейін қабылданады. Анықтама телефоны: 21-921.

Ұйымдастыру комитеті.

Мамаш хан



Қазақ хандығына көп жерді бағындырған және сұлтандардың жікшілдік әрекетін уақытша болса да тежеп, мемлекетті орталықтандыру ісіне зор үлес қосқан Қасым ханның игі істерді аяқтауына жаратушы белгілеген ажал кедергі жасады. Қақаған қаңтарда ол өзі ноғайлардан тартып алған Сарайшық қаласындағы ордасында жан тапсырды. Соңында екі ұлы және екі қызы қалды. Олардың үлкені ол тұста 60-ты алқымдап қалған Мамаш еді. Ал екінші ұлы Ақназар болса әлі буыны қатая қоймаған балаң жігіт бо-латын. Мұндайда әрине, хан тағына бірден-бір мұрагер Мамаш болды. Алайда аяқ астынан алқымнан алған ауыр науқас және қақаған қаһарлы қыстың ортасында болашақты ал-дын ала ойлайтын Қасым ханның барлық беделді сұлтандарды шақырып, көзі тірісінде оларға Ма-машты хан ретінде табыстап кетуіне мүмкіндік бере қоймады.

Тіптен ол бұл мәселеге байланы-сты өзінің құдаларымен – алғашқы қызына үйленген ноғай мырзасы Шайх Мамаймен де, кейінгі қызына үйленген Ұбайдулла сұлтанмен де хабарласып үлгермеді. Ауыр науқастан қажып, төсек тартып жатқанда өзінің мұрагері ретінде соңында қалып бара жатқан ұлына ақтық ақылдарын айтты. Ол мемлекетті басқару кеңдікті, ауқымды ойлауды талап ететінін айта келе, ел бірлігін алғашқы орынға қоюды, бөлінгенді бөрі жейтінін атап көрсетті.

Сонымен бірге көрші елдердің озбырлығынан сақтану үшін әрқашан да мемлекетті, оның әскерін нығайту ісін үздіксіз қолға алуды да осы ұлына тапсырды. Айта кетер бір мәселе, бұған дейін өзінің қайраткерлігімен де, қолбасшылығымен де ерекше көзге түсе қоймаған Мамаш ержетіп, есей-геннен әке жанынан бір елі қалмай оның көлеңкесіндей болып өсті. Шайбаниліктерге қарсы соғыста да, Ұлытау маңындағы Қасым хан орда-сына жорықтарында да, әкесінің Сыр бойындағы қалаларды бағындыру әрекеттерінде де, оның Ташкентке жортуылында да ол хан әскерінің бір қанатын басқарды. Ол әкесінің моғол хандарымен келіссөздерінің де куәгері болды. Мысалы, 1513 жылдың жаз айының соңында қашғарлық моғол ханы Сайд хан Шу бойындағы Жұт деген жердегі Қасым ханның ордасына қонаққа келгенде Мамаш әкесінің бұйрығымен қырық шақты сұлтандармен бірге сыйлы қонақты қарсы алуға аттанды. Бұл кезде туы-стас ағалары Жаныш және Таныш сұлтандардың сақалдарын боз қырау шалып, жастары алпысты алқымдап қалса, Мамаштың өзі әлі де елуге жете қоймаған қайратты шағында болатын.

Қасым хан осылайша, көрегендікпен о бастан-ақ, өзінің болашақ мұрагерін мемлекеттік және әскери істерге тікелей араластырып отырды. Бұдан өз кезегінде Мамаш хан да үлкен тағылым алуға тырысты. Бірақ Қасым дүниеден өткен соң, хан төңірегіндегі үзірлердің ханның есиетін жүзеге жедел асырып, таққа жасы біразға келіп, қайраты қайта бастаған Мамашты қалайды отырғызуға тырысуларына ноғай мырзаларының ықпалына түскен кейбір сұлтандар қырын қарап, Қасым ханның алғашқы әйелінен туған Мамашты таққа отырғызуға асыға қоймады. Олардың біразы маңғыттардың айтуымен әліде жас, алайда Қасымның өмірінің соңғы жылдарында әскери істерге араласа бастаған, тіптен кезінде хан ордасындағы күзет әскерін басқарған Хақназарды хан тағына отырғызуды қол көрсө, біраз сұлтандар өздерінің жеке мүдделерін көздеп, хан тағына лайық тұлғаны Қасым ханның басқа бауыр-ларынан тараған ұрпақтар арасынан іздестіре бастады. Мұның өз ықпалды сұлтандар арасындағы бұрыннан келе жатқан текіретсіз өршіте түсті. Алайда осындай шырғаланда Қасым ханның өсиетіне адал топ біраз уақыт өткен соң, бәрібір басым түсіп, ақыры Мамашты

ақ киізге отырғызып, хан көтерді.

Осылайша Мамаштың қолына мем-лекет билігі ең бір қолайсыз сәтте тиген еді. Бұл тұста ноғайлардың өз ара-сында да ауызбірлік жоқ еді. Олардың билеушілерінің біразы кезінде Қасым хан Астрахан ханымен бірігіп Еділ өзенінің арғы бетіне қуып шыққан бөлігі қайта оралып, аңысын аңдып, өздерінің байырғы астанасы Сарайшықты кері қайтарып алатын сәтті асыға күтіп отыр еді. Осындайда айта кетер бір нәрсе, Қасым хан ноғайларды батысқа ығыстырған тұста ноғайларға батыстан Қырым хандығы, ал оңтүстік батыстан Астрахан хандығы үздіксіз қысым жасаумен болды. Тек 1509-1515 жылдары ғана Қырым хандығы қалың әскермен келіп, ноғайларды Еділ өзенінің солтүстік жағалауларына, яғни оларды кезінде Қасым хан басып алған аймаққа қайтадан улап-шулап қаша көшуге мәжбүрлеген еді. Ал көрші аймақтағы Астрахан ханы Жәнібек болса қазақтардың өз кезегінде ноғайларға қарсы қатал жортуылда-рына куә болып отырды, сондықтанда Орыс патшасының Польшаға қарсы одақтас болу туралы ұсынысынан бас тартып, оның орнына өздерінің қауіпті көршісі Қазақ хандығынан сақтану үшін кезінде Қасым ханмен ноғайларға қарсы бірігіп күресу ту-ралы келісімге барды. 1521 жылы ноғайлардың солтүстік-батысындағы көршісі Қазан хандығының тағына өздерінің жауы Қырым ханының бауыры Сақыккерейдің отыруы да ноғайлардың жағдайын ауырлата түсті.

Алайда Қасым ханның қайтыс бо-луы жағдайды өзгертіп, ноғайлардың шығыстағы Қазақ хандығына қараған жерлерін қайтарып алуларына жаңа мүмкіндіктер туғызды. Ал оңтүстікте болса өзара ауыз жаласқан және Жетісу жерін өздеріне қайтаруды көздеген моғол билеушілері және Түркістан мен Сыр бойындағы қалаларға үздіксіз көз тіккен өзбектер Қазақ хандығына қарсы қылыштарын қайрап отыр еді. Сібірмен шектесетін аймақтардағы байырғы шайбандық тайпалар да қарап жатпай, жаңа қазақ ханына қарсы кейбір тайпа басшыларын арандатты. Осындай қысылтанда Мамаш тақта алаңсыз отыра алмайтын еді. Ол сондықтанда хандық қызметінің алғашқы кезін бұра тартып, өзіне аманат болып қалған мем-лекет іргесін сөуге әрекеттенгендерге қарсы жорықтарға аттанудан бастады.

Осындай шырғаланда бұрын өкесіне бағынышты болып, енді ашық жауға айналған маңғыт мырзаларына қарсы жорықтардың бірінде, 1524 жылы ол андаусызда қаза тапты. Елжей-тегжейін айтқанда бұл былай болған еді: жасы келіп, денсаулығы сыр бере бастаса да Мамаш хан әке өсиетіне адал болып, қалыптасқан әскерді жауға ханның өзі бастап шығатын байырғы дәстүрді бұзбай орындады. Бұл жолы да ол өзінің әлсіздігіне қарамастан жауға қарсы ауыр сауыт-сайман киіп, бес қаруын түгел асынып аттанған еді.

Алайда жұпқына жанталасқан ұрыс қимылдары үстінде еріксіз жанұшыра қимылдаған оның еңсесін берінен бұрып, мұздай құрсаған тула бойын қыспаққа алған зіл-батпан көк сауыт жаныштап, үзірлері көмекке жеткенше тұншығып, о дүниеге ат үстіннен аттанып кетті.

Осылайша хан серіктері Қасым ханның «қасқа жолын» берік ұстанған қазақ мемлекетінің қайраткерінен, қазақтың алтыншы ханынан қапыда айырылып қалды.

Небәрі екі жылдай ғана тақта отырған ол ереуіл атқа ер салып, атақты Қасым ханның мемлекетшіл идеясы оның өзімен бірге өлмегенін, оны орындау үшін қазақтар алда белсене күресетінін кейінгі ұрпаққа жеке үлгісімен меңзеп кетті.

Талас ОМАРБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
жанындағы
Орталық Азиядағы дәстүрлі
өркениеттерді зерттеу
орталығының директоры,
ҚР ҰҒА Құрметті академигі.



САЙЛАУ - 2015

Оралымды ойлар тоғысы



20 сәуірде Астанада Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат Әбілғазы Құсайыновтың аймақтық сайлауалды штабтары жетекшілерінің слеті өтті.

Іс-шараға Президенттікке кандидат Ә.Құсайыновтың барлық аймақтық сайлауалды штабтарының жетекшілері мен қызметкерлері, сенімді өкілдері қатысты.

Шараны Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттың республикалық сайлауалды штабы аймақтарда жүргізілген насихат жұмыстарының алдын ала қорытындысын шығару үшін ұйымдастырған болатын.

Слет барысында Ә.Құсайынов шара қатысушыларына өңірлерде жүргізілген жұмыстары жайлы және одан арғы жоспары туралы баяндап берді.

Әбілғазы Құсайынов белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, сайлаушылармен жоғары деңгейде кездесулер ұйымдастырғаны үшін аймақтық сайлауалды штабтардың жетекшілері мен сенімді өкілдеріне алғысын білдірді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңында бекітілген уақыт аралығында сіздердің қолдауыңызбен өз кандидатурамның үлесіне 132 мың дауыс жинап, тіркеуден сәтті өттім.

Осы уақыттан бері ұйымдастырушылық жұмыстар қызу басталып, демалысқа да, мерекеге де қарамастан бірде-бір тоқтаған емес.

Жолдың жартысынан көп бөлігін артқа тастадық, енді «сағаттарымызды теңестіріп», үгіт-насихат науқанының қалған уақытында атқарар жұмысымызды одан әрі жетілдіру үшін ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды тыңдасам деймін», - деді Ә.Құсайынов.

Іс-шара барысында республикалық және аймақтық сайлауалды штабтардың жетекшілері баяндама жасады.

Осы орайда республикалық штаб жетекшісі Р.Жоламан ҚР Президентігіне үміткер Ә.Құсайыновтың сенімді тұлғаларының белсенді жұмысына өз бағасын берді.

«Есептік кезеңде мақсаты бір адамдардың берік командасы құрылып, соның күшімен сайлау науқанының бірінші айналымынан – ҚР Президентігіне кандидатты тіркеу кезеңінен сәтті өттік. Аймақтарда сайлауалды штабтарды ашу мәселелерін де сіздердің қолдауыңызбен орынды шеше алдық.

Насихат жұмыстарына қажетті көрнекі материалдар жоғары деңгейде әзірленіп, тиісті орындарға уақытылы жеткізілді», - деп атап өтті Р.Жоламан.

Сондай-ақ, Р.Жоламан аймақтардағы штабтардың жұмыс нәтижесін көрсететін кейбір сандарды мысалға көлтіріп өтті.

Р.Жоламанның айтуынша, үгіт-насихат науқаны кезінде республика бойынша кандидаттың 36 билборды орнатылып, 25 мың плакаты ілінді, 10 мың бағдарламасы таратылды. Телеарналарда екі насихат ролигі көрсетіліп, 7 аймақтағы сайлаушылармен 18 кездесу ұйымдастырылды, оған 540-тан

аса адам қатысты. Сонымен қатар 214 адамнан құралған сенімді өкілдер командасы құрылды.

Сөзін қорытындылай келе, Р.Жоламан алдағы уақытқа жоспарланған міндеттерді айқындап берді.

Сонымен қатар слетте кандидаттың Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарындағы сайлауалды штабтарының жетекшілері сөз алды.

Аймақтық сайлауалды штаб жетекшілерінің айтуынша, кандидат аймақтарда сайлаушылармен, жұмысшылар ұжымымен бірқатар кездесулер өткізіп, өз сайлауалды тұғырнамасына қатысты сұрақтарына жауап берді.

«Солтүстік Қазақстан облысында кандидат жұмысшылар ұжымымен үш кездесу өткізіп, онда экология және өнеркәсіптік қауіпсіздік тақырыптарына қатысты біраз күрделі әрі өзекті мәселелер көтерді. Атап айтқанда, Ә.Құсайынов «Сев-КазЭнерго» кәсіпорнының, «Қызылжар су» коммуналдық мекемесінің жұмысшы ұжымымен кездесті. Кездесуде сайлаушылар кандидаттың сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен танысты.

Сонымен қатар Әбілғазы Құсайынов аймақтағы штаб жұмысымен танысып, бірқатар тапсырмалар берді», - деді СҚО-дағы сайлауалды штабының жетекшісі Ольга Клишина.

Жалпы, штабтар слетінде кандидаттың аймақтық штабтарының қызметкерлері мен сенімді өкілдерінің белсенді жұмысына жоғары баға берілді.

(Ресми ақпарат).

Болашаққа - байыпты бағдар



20 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер Н.Назарбаевтың сайлауалды штабы Солтүстік Қазақстан облысында болып, жергілікті активпен, еңбек ұжымдарымен және этномәдени орталықтардың өкілдерімен кездесті.

Делегация құрамында – Қазақстан Республикасы Президентігіне Үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҰЕҰ өкілдері, ғылыми және шығармашыл зиялылар бар.

Н. Погодин атындағы орыс драма-театрының залында облыс активімен кездесу өтті, онда Елбасының тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен дамуындағы баға жетпес еңбегі аталып өтті. Дәлірек айтсақ, аймақтың жастары атынын телекоммуникация компаниясының қызметкері Елена Косенкова сөз сөйледі. Ол қазақстандықтардың жаңа ұрпағы Нұрсұлтан Назарбаевтың бағытын толығымен қолдайды, деп баса айтты.

«Президент жастарға ерекше көңіл бөліп келеді. Ол біз үшін алдыңғы қатарлы мектептер мен университеттер салады, Елбасы біз үшін «Болашақ» және «Дипломмен ауылға» сынды жобалар жасақтады. Бүгінде қазақстандық жастар шет елде білім алу, жақсы жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие және өз болашағын сенімді құруда! Біз мұндай қамқорлықты жоғары бағалаймыз және тек Нұрсұлтан Назарбаевқа ғана дауыс береміз», - деді Е.Косенкова.

Петропавл ауыр машинақұрылысы зауытының аумағындағы РҚШ мүшелерінің Петропавл қаласының өндіріс саласының жұмысшыларымен кездесуді барысында зауыт қызметкерлері өнеркәсіптік өндіріс өсімін ерекше атап өтті. Сонымен, 2014 жылы Президенттің индустриалды инновациялық даму бағдарламасы аясында Солтүстік Қазақстан облысында 4,5 млрд теңгеге 4 нысан бой көтерді. Мындаған жұмыс орындары ашылды.

«ПАМҚЗ»АҚ жұмысшысы Нина Щербинина атап өткендей, «Мен зауытта 50-жылдай жұмыс істеп келемін. Осы сайлауда бұған дейінгі сайлаулардағыдай біздің Көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс беремін. Себебі, біз әрқашан Президентіміз тарапынан үлкен қамқорлықты сезіп келеміз! Жұмысшылар Елбасыға дауыс беретін болады».

Келесі кездесу барысында облыстың этномәдени бірлестіктерінің өкілдері Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақстандық халықтың бірлігін нығайтудағы ролін атап өтті.

«Қазақстан біздің Отанымыз, бізге туған жерімізде бейбітшіліктің орнығуы жолында үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Біз- этномәдени бірлестіктердің өкілдері бірлік пен ынтымақ үшін, келісім мен достық үшін Президентке размымыз. Мен өзімнің балалары мен немерелерім бейбітшілік пен келісімде өмір сүргенін қалаймын. Сондықтан да мен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс беремін!»-деді «Қазақстанның орыстар қоғамдастығы» облыстық филиалының төрағасы Николай Авдеев.

РҚШ мүшелерінің сапарларының соңғы жері Солтүстік Қазақстан облысындағы «Сүтөнім» зауыты болды. Аталмыш зауыттың жұмысшысы Диана Хайрулина кәсіпорынның Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдаумен 2009 жылы құрылғанын айтып өтті.

«Мен бұл зауытта 2 жылдан бері жұмыс істеп келе жатырмын. Мен мұнда жоғары оқу орнын бітіре салысымен жұмысқа орналастым. Біздің жұмыс істеуімізге мұнда жақсы жағдай жасалған, жалақымыз да жаман емес. Мен және менің әріптестерім үшін басты мәселе осы. Сол үшін де мен барлық әріптестерімді Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беруге шақырамын. Президент халық үшін бәрін жасап отыр», -деді Диана Хайрулина.

Н.Назарбаевтың республикалық қоғамдық штабының өкілдерімен кездесуде Солтүстік Қазақстан облысының мыңдаған адамдары келіп, аймақ тұрғындарының бірауыздан Елбасына дауыс беретіндіктерін айтты.

(Ресми ақпарат).

Басты құндылық - бейбіт өмір



20 сәуірде ҚХП ұсынған Президенттікке кандидат Тұрғын Сыздықов «КТЖ ҰК» АҚ Локомотив ДЕПО-сы жұмысшылар ұжымымен кездесті.

Кездесуді аймақтық штабтың жетекшісі, Ақмола облыстық комитеттің бірінші хатшысы Б.Д.Мажитов жүргізді.

Кездесу барысында кандидат Сыздықов өзінің сайлауалды тұғырнамасының басты бағыттарымен таныстырды: «Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясы марксизм-ленинизм ғылымы мен идеяларына және қоғамдық дамудың материалистік теорияларына сүйеніп қызмет атқарады.

Кездесу кезінде кандидат батыстық стандарттар мен тұтынушылық мәдениеттің теріс ықпалына тоқталып өтті.

«Батыс мәдениеті – бұл үлгі аларлық қағидат емес, өйткені батыстық құндылықтар, шындығына келгенде, жалған.

Тұтынушылыққа деген бетбұрыс жастардың бағдарын өзгертеті. Бұл Батыста дүниежүзіндік туғызып, материалдық қажеттілікті қанағаттандыруды өмірдің мәні деп қарастыратын құндылықтарды қалыптастыруда», - деп бастады өз сөзін ҚР Президентігіне кандидат.

Кандидат Т.Сыздықовтың пікірінше, «бейбітшілік, адамгершілік, интернационализм – адамзаттың бүгінгі даму кезеңінде басты құндылықтарға айналуға.

Жасампаздық және толеранттылық құндылықтары даму мен прогресстің басты жолдары ретінде әлем сахналарынан көптеп айтылуға.

Әлем саясатының басты мақсаты барлық елдердің адамзат үшін бейбітшілікке ынтымақтасуын алдыңғы қатарға қойып отыр».

Т.Сыздықовтың ойынша, «адамгершілік өркениеттің дамуының негізі болып тыбылады.

Жер бетіндегі бейбітшілік пен келісім біздің өркендеуімізге алып келді. Бұл құндылықтарды біз одан әрі еселеп болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Жақынына деген сүйіспеншілік – бұл анамыздың сүтімен берілген халқымыздың дәстүрі.

Тарихи қонақжайлылық, ілтипаттылық, жанұялық құндылықтар мен үлкендерге деген құрмет бізді бүкіл әлеммен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Мұның барлығы біздің жерімізде қалыптасқан сенім мен жасампаздықты мазмұнға толтырады. Сондықтан тұрақтылық пен өркендеу одан әрі терең мағынаға және мазмұнға ие болады.

Соғыс пен хаосты білмейтін кездесуді ұйымдастыру адамдар ертеңгі күнге сеніммен қарайды».

Осы себептен адамгершілік, толеранттылық, интернационализм біздің басты бағытымыз болып қала бермек.

Өз кезегінде облыстық сайлауалды штабтың жетекшісі Б.Мажитов, республикалық және облыстық сайлауалды штабтардың белсенді насихат жұмыстарын жүргізіп жатқандығын атап өтті.

Күн сайын сайлаушылармен кездесулер, таныту шаралары өткізіліп, бұл шаралар республикалық және аймақтық баспа мен электрондық БАҚ-та көрініс табуға.

Б.Мажитов атап өткендей, «біздің штабта 5 сенімді тұлға және жиырмаға жуық облыстық комитеттің қызметкерлері насихат материалдарын тарату және халықпен кездесуді ұйымдастыру, сайлаушылардың пәтерлерін аралау жұмыстарын атқаруда».

Сонымен қатар, сайлауалды жұмыста біздің «Коммунист Қазақстан» газетіміз, партияның сайты және әлеуметтік желілер, интернет сияқты өзге де қазіргі заман байланыс құралдары кең қолданылуда».

Сонымен қатар, бүгін Т.Сыздықовтың Қызылорда және Павлодар қалаларындағы аймақтық сайлауалды штабтары өткізген іс-шаралар туралы есеп берді.

«26 наурыздан бері облыстық сайлауалды штабы ҚР Президентігіне үміткер Тұрғын Сыздықовты қолдауға бағытталған шаралар өткізілуде», - деп мәлім етті партияның Қызылорда облысы бойынша облыстық комитетінің жетекшісі Т.Телеубаев.

Оның айтуынша, Т.Сыздықовтың сайлауалды баяндамаларында ерекше орын ғасырлар бойы қалыптасқан халықтар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімдікті қамтамасыз ететін жалпы адамдық құндылықтарға арналған.

Т.Телеубаевтың сөзіне сәйкес, барлық мемлекеттердің ілгері дамуы мен өркендеуінің қозғалтқышы – жастық шағынан адам бойына сіңірілетін сезім – интернационализм болып келеді. Қазір халық бейбітшілік пен берекеліктің синонимдері достық пен ізгілік екендігін түсінеді.

Павлодар облыстық комитет жетекшісі Г.Нұғманова мәлім еткендей: «ҚХП ұсынған ҚР Президентігіне кандидат Т.Сыздықовтың сайлауалды науқанының жоспарына сәйкес, сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

(Ресми ақпарат).

Дін және қоғам



«ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ» — АДАСҚАН АҒЫМ

Бүгінде әрбір азамат өз отбасына жауапкершілікпен қарамаса, бірлігімізге зиянын тигізер жалған ағымдар бар екені шындық. Олардың көздегені — қазақты бөлу, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен жеріндіріп, мәдениетінен айыру. Өкінішке қарай, өмірлік тәжірибесі мен Ислам діні жайында мағлұматы аз кейбір азаматтар ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр ұғымдарының Исламға қатысы жоқ деген жаңсақ пікірлерге иланып қалады. Дін таратушы атын жамылған келімсектер жастарды өз ұлтының құндылықтарынан айыру арқылы діни фанатқа, экстремиске айналдырмақ. Сол арқылы елдігіміздің іргесін сөгуді көздейді. Шындығында қазақтың рухани-мәдени құндылықтары Ислам дінімен ажырамастай болып біте қайнаса.

Қазақстан — зайырлы, құқықтық-демократиялық мемлекет, халқының басым көпшілігі Ислам дінінің Әхли Сунна уәл Жамаат (Имам Ағзам немесе Ханафи мазһабы) жолын ұстанады. Ал Ислам атын жамылып, саяси мақсатты көздеп жүрген ағымдарды атап айтудымыз қажет. Олар — «Уаһабит», «Хизб-ут-Тахрир», «Ахмадия», «Таблиғи жамағат» сияқтылар. Мұның барлығы ата-бабамыз ұстанып келген Ислам дінінің Ханафи мазһабы жолынан алыстату үстінде. Аталмыш ағымдардың әрекеттері ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіреді.

Қоғамда орын алып жатқан дінге қатысты келеңсіз жағдайлар жоғарыда аталған дәстүрлі емес ағымдардан туындап отырғаны белгілі. Бұл еліміздің бейбіт өмірін көреалмаушылардың сыртқы саяси күштердің ықпалынан болған іс-әрекеттер. Осындай елімізге жат ағымдардың бірі — «Таблиғи жамағат» ұйымы. Таблиғишылар немесе дағуатшылар жамағаты дегеніңіз арабшадан аударғанда дінді уағыздаушы топ деген ұғымды білдіреді. Алайда, бұл ұйымның атына заты сай емес. Олар дінді уағыздап емес, бүлдірумен айналысып жүр.

Жалған ағымның теріс идеологиясына тоқталмай тұрып, оның тарихын қысқаша шолып шықсақ. Бұл псевдодіни ағым 1926 жылы Үндістанда құрылды. Негізін салушы Мәулана Ильяс Кандхлеви (1885-1944) — суфизмнің деобандилық бағытының идеологы. Демек, бірлік емес бөлуді дәріптейтін әлдебіреулердің қитұрқы саясаты бойынша мұсылман қауымына өңдірілген шигалық идеяның жалғасы — сопылық тариқаты өкілі. Кейін Мәулана Юсуф екеінің жолын жалғастырып, жамағатты Үндістан аумағынан алып шығып, араб мемлекеттерінің кейбіреуіне, Еуропа мен Америкаға, тіпті Жапонияға дейін таратты. Зер салыңыз. Олар мұсылманды ең әуелі суннит пен шиға етіп бөлгендердің мұрагерлік жолымен хулафа рашидиндерден пайғамбар ізбасары ретінде Әлиді ғана мойындады. Бұл біріншіден, Құранға көлеңке түсіріп, жалған мәлімет таратты. Екіншіден, пайғамбарымыз Мұхаммед салиаллаһу аллаһу әлиһи уас-саламның халық сайлаған шынайы ізбасарларын терістеу арқылы, шиғаның имамдық басқару идеясы арқылы мұсылмандарды 12 имамдық (мәһдиль) және исмаилиттік етіп тармақтап бөле беру, бөле беруді көздейтін әрекет. Өйткені, пайғамбарымыздың нағыз халифтері Әбубәкір, Омар мен Осман-дарды (оларға Алла разы болсын) мұсылмандардың бір бөлігі теріске



шығарса, қалғандары оларға өштесетіні түсінікті. Ислам дінінің тез қанат жайып, ғылым-білімді, мәдениетті дамытып, бейбітшілікті насихаттау арқылы адамзаттың жүрегінен орын алуына қарсы болғандар осындай кертартпа идеологияларды жасап шығарды.

Дін ғалымдарының айтуынша, дінді насихаттап, дағуат айту үшін кем дегенде бір-екі онжылдық арнаулы теологиялық білімі болуы қажет. Бұрынғы шынайы ғұламалардың кезінде де ең білімді данышпанның өзі «менің білмейтінім көп» деп ғылымды, білімді, ілімді қасиетті санап, оған қиянат жасамауға, ұяттан ардан аттамауға серт еткен. Ал өздерін «дағуатшылармыз» деп жүрген «Таблиғи жамағат» өкілдері бір-екі онжылдық діни білімі түрлі бір жылдық та білімдері жоқ. Арнаулы білімдері жоқтықтың салдарынан олар халықты шатастырып, Исламның биік қағидат негіздерін мұсылманның ғазиз мақсаты мен мұратын мансұқтап жүр. Қазір байқап жүргеніміздей, «Таблиғи жамағат» өкілдері біздің ұлттық құндылықтарымызды аяққа таптап, олардың асыл жәдігерлеріне жүре қарайды да, оның тарихи тағылымдық қызметін жоққа шығарады. Пәкістан ұлтының киімдерін кию арқылы бұл топ бейне бір ғылым-білімі дамыған, биік мәдениетті бар елге еліктеп жүрген сияқты. Шындығы солай ма? Пәкістан көшегі Мұхаммед Икбал мен Беназир Бхутто сияқты ұлы да зиялы қайраткерлердің елі болғанымен өкінішке қарай, олардың үлкен жүрегінен шыққан саналы жарықты сыртқы елдердің сұрқия саясаты өз халқына бұйыртып. Ал жаһилдік жайлаған елді ірітіп-шіріту оңай. Осыны пайдаланған сыртқы күш мұсылманды мұсылманға жауықтырып, бір-біріне қарсы қойып отыр. Енді міне, олар уағыз айтқанда «біз мешіттенбіз» деп Алла үйінің атын жамылады. Мешіттің атын жамылып, жұма намазға шақырып жүреді. Ал солардың айтқанымен барған азаматтарды мешіттен тауып алып, сыртқы елдердің мұсылманға зиян екелетін жымысқы идеологиясын насихаттайды. Біздің қасиетті мешітіміздің жанында өз гадауаттарын айтып, жастарды еліктіріп жатқан жайы бар. Осындай істерімен біздің дәстүрлі дініміз — имам ағзам Әбу-Ханифа мазһабына ғана емес, жалпы Исламның биік идеялына, мұсылмандықтың ынтымақты бірлігіне қарсы теріс әрекеттерін жүргізіп жатыр.

Бұл ағымдар біздің сараптама-

мыз бойынша болашақта радикалды, фундаментальді бағыттағы лаңкестік топтар мен экстремистік партияларға қосылып, еліміздің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Халықаралық тәжірибеде аталған ұйым Індістан мен Пәкістан мемлекеттерінің қарым-қатынасын қажетті жағдайларда барынша ушықтырып, тіпті транслттық аймақтарда бүлік ұйымдастыру құралына айналғаны мойындалған. Аталған елдердің, оған қоса мұсылман елдерінің ірі қайраткерлері мен Ислам ғұламалары ол әрекеттердің нәтижесі аймақ халықтарына ғана емес, жалпы адамзаттық мүдделерге сай келмейтін ашық айтып, жазып келеді. Тунистен, Алжирден, Мысырдан, Палестина, Иорданиядан Пәкістан мен Үндістанға баратын талапкерлер жинағанда аталған «Мақсатты бүлікшілерді» дайындау көзделгені және олар тек бүлік, жиһад үшін топтастырылғаны дәлелденген шындық. «Таблиғи жамағат» діни миссионерлік ұйымы мүшелері Пәкістанның Райванд қаласында орналасқан оқу орындарына баруға тырысады. Ал өлем мұсылман елдері ғұламалары кеңесі бұл Райванд қаласында орналасқан діни оқу орнын жоққа шығарады. Атап айтар болсақ, ол оқу орны Пәкістан мемлекетінің бақылауында емес, өз бетімен жұмыс жүргізіп келеді. Онда не оқытып жатқаны да белгісіз. Оны бітіріп шыққан түлектерге де арнайы қызмет ұсынылмайды, яғни, басқа елдерден келіп білім алғандар ары қарай немен шұғылданатыны белгісіз. Міне, осы «Таблиғи жамағат» өкілдерін тәрбиелейтін аталмыш оқу орнын бітіріп келген азаматтар елімізде әртүрлі ылаң салуда.

Бұл жалған ағымның басты мақсаты — халқымызды Отанынан бездіріп, жер аралап жарты ғұмырын далада өткіздіру. Оған еріп адасқандар осы жолда отбасыларына нәмқұрайдылықпен қарайды, тіпті талақ етуден де тайынбайды. Жақындарын тастап өздері бүлініп, бірлік, ынтымағы кетіп, берекетсіздікке ұрынып отырған елдің жаман едетін насихаттайды. Аталмыш ағым мүшелері рухани тазалықты, Ислам құндылықтарын, білім, тәрбие тарату жолдарының тағылымды, жүйелі мұсылмандық тәсілдерін жақсы көрмейді. Өздері қасиетті дейтін киімдерін ешқашан жумай, кір күйінде киіп жүре береді. Яғни, бір сөзбен айтқанда, мұсылман адам қастер тұтып, қасиетті деген ұғымды өз идеяларын іске асыру үшін пайдаланып, шын мәнінде ел бірлігіне, мұсылман

әлемі ынтымағына, Исламның рухани тазалығына қарсы үгіттейді.

Жиһадқа келіп, бұл топтағылардың Ислам қағидалары мен мұсылмандық талапқа сай емес мынадай кемшіліктерін атап көрсетуге болады:

1. Бір замандарда Исламды теріс ықпалы басым зиянды идеология деп көрсете отырып, оның иләһи таухидтік қағида негіздерін бұрмалау, оны теріс көрсету, соларқылы мұсылман әлеміне жік салу мақсатында жұмыс істейтін өзіне дейінгі шиға, харижит, мұғтазила, исмаилит, бахаи, ахмадия, мұсылман бауырлар, хизб-ут-тахрир, төкфир, салафит, уәһабилік, т.б. сияқты «таблиғи жамағаты» да мұсылман әлемінің, Ислам негізінде қалыптасқан мәдени-әлеуметтік, рухани-діни ұстың ұстанымдарын өз әрекеттерінің барысында жоққа шығарып отырады. Оның адамзатты, ел ұлт, мемлекет бірлігіне, ынтымағына тигізер жағымды ықпалын бейтараптайды немесе оның рухани қуатын мұқалтады.

2. Әр дәуірде әртүрлі пішінге өте отырып, бірақ мұсылман қауымын бөліп, бөлшектеу бағытындағы зиянды, қауіпті амал-тәсілдерден тұратын элементтердің жиынтығын бойына көп жинаған көреғар ағым ретінде мемлекетке, елге, ұлтқа оның мәдениетіне өзек болған Ислам дінінің асыл қағидалары мен текті құндылықтарына көлеңке түсіретін теріс әрекеттерін Ислам атымен жамағат арасында таратып, мұсылмандықты мансұқтайды.

3. Ислам — адам өмірінің барлық қырын қамти отырып әсер ететін, тәрбиелейтін, реттейтін, жүйелейтін, әділ қарым-қатынас орнату тетігі - илаһи заңмен әдіптелген киелі, қасиетті құбылыс. Оның заңдық негіздемесі — Құран. Ол — ғалам, жаратылыс және Жаратушы хикметтері мен үкімдерінің жиынтығы. «Таблиғи жамағат» өкілдері өздерінің теріс мақсатқа түзілген жоспар-сымақтары мен әрекеттерінің, сондай-ақ, таза сауатсыздық пен мақсатты түрде қалыптастырылған надандық, керітартпалық ой-пайымдары арқылы мұсылмандық үрдісті апаты ахуалға қарай алып бара жатыр. Сөйтіп, сыртқы саяси күштердің Ислам әлеміне қарсы әрекеттерін мұсылман арасына таратушы, олардың ойын елге жаюшы, орнықтырушы болып отыр.

4. Отбасына байланысты. Олардың кейбірі ұзақ уақыт бойы отбасыларының тұрмыс-тіршілігінен хабарсыз түзде жүреді. Бала-шағасына қарауды дүние істерімен шұғылдану деп санайтындықтан да жоқ емес.

Бұл — қате түсінік. Өйткені, ол дініміздің «Жақындарың мен туыстарыңа ескерт» деген негізгі бір ұстанымына көреғар. Үйің, бала-шағасын айына немесе жылына бірнеше рет қараусыз тастап кету - Исламға қайшы. Әрбір мұсылман пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Өз дененің жақысын, отбасының жақысын және Раббының алдындағы міндетінді өтеп, әрбір хақы иесінің жақысын бер», - деген есметін жадынан шығармауы тиіс.

5. Дін жаю үшін жолға шығу мәселесі. Бұл да осы топтың негізгі ұстанымы. Олар мұсылман жастарға: «Сендер дағуатшысыңдар, адамдарға ненің халап ненің харам екенін ажыратып берушісіңдер, адамдардың Исламға келіп-келмеуіне де жауаптысыңдар» деп үйретеді. Осының өзінде Құран

аяттары мен пайғамбарымыздың хадисінде көрсетілгенге қабыса бермейтін ұғымдар бар. Оған қоса дінді түсіндіру кез келген адамның қолынан келе беретін оп-оңай шаруа емес. Мұның аса маңызды екенін Аллаһ тағала пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)-ға да қасиетті Құран аяттарында ескерткен. Жұртты имандылыққа, мұсылмандыққа шақыру үшін ең алдымен діни сауат қажет. Бұл топқа жиналғандардың көше ғана діннен бейхабар болып жүріп, арнайы діни сауаты не білімі жоқтар бүгін адамдарға уағыз айтуы, тіпті кей мәселелер жөнінде үкім берулері, әлбетте, қауіпті. Діни сауатсыздықтан адамдармен қарым-қатынасында түрлі әдепсіздікке жол береді. Ал қарапайым жұрт олардың әр әрекетін мұсылманға тән деп қабылдайды. Сондықтан төмен діни сауатпен жұртқа дін жаю дұрыс емес, әрі залалы көп іс болып шығады.

6. Олар жергілікті мешіттерге адамдар әкеліп, имамға емес, өздеріне құлақ асыруға тырысады. Негізінде, мешітке келушілер мазалаған сұрақтарын жаманнан сұрауы керек. Өйткені, мұның жауапкершілігін имам көтереді. Ал әр жақтан жиналған бұл жамағаттың мүшелері қойылған сұраққа толыққанды жауап бере алмайы немесе қате, үстірт жауап беруі әбден мүмкін. Сондықтан мешіт жамағатын имамға емес, өздеріне қаратып алуға тырысулары дұрыс емес.

7. Олардың Пәкістан тұрғындарының үлгісімен киінуді жұртқа ерсі көрнеді. Тіпті, арасында өзі алқам-салқам, кір-қожаалақ киініп, бірақ, тазалық пен пәктікті насихаттауы Исламға кір келтіретінді де жасырын емес. Оларды көргендер мұсылман болу, намаз оқу сиялы киінуді талап етеді екен деп топшылаулары мүмкін. Ал шындығында Ислам дәл сол үлгіде киінуді талап етпейді.

Аталған ұйымның Ислам әлеміндегі әрекеттері мен мақсат-мұратын, болмыс, білімі мен білігін түрлі елдердегі жұмыстарының нәтижелерін зерделеп, талдап, сараптап салған мұсылман елдерінің ғұламалары олардың шынайы кескін-келбетін боямасыз көрсетіп отыр. Орта Азия мен Қазақстан жерінде де олар өздерінің елге, Отанға, ұлтқа, мұсылманға, мемлекет тұтастығына қарсы жұмыс жасайтын ұйым ретінде әшкере болып отыр. Олар әсіре жалған мақсат-мұратты көздейтін сыртқы «зұлым күштің» қолшоқпары болып жүрген адасқан көп топтың бірі екеніне күмән жоқ.

Өздеріңізге белгілі, 2011 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 8-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады» деп көрсетілген.

Бүгінде ҚМДБ-ның атын жамылып, дін насихаттаймын деген ниетпен ел аралап, жер кезген бауырларымыз осыдан біршама жыл бұрын мешіттерге түнеп, Алла үйіне кір келтіргені есімізде. Бұған діни басқарма тиісті шаралар қолданып, мешітке түнеуге тыйым салғанды.

Олай болса, елдің амандығы, халықтың бірлігі, болашағымыздың баяндылығы, дініміздің тазалығы үшін аянбай еңбек ету баршамыздың ортақ міндетіміз екенін ұмытпайық, ағайың!

Сағынай қажы РАХЫМЖАН,
аудандық Қайрош ата
мешітін бас имамы.

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай, еліміздегі тұрақтылықты қамтамасыз ету өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, діни негіздегі жатынбаушылықты қамтамасыз етуге, лаңкестікке, экстремизмге қарсы жаһандық күреске бағытталуы тиіс.

Сол себептен рухани азғындауды тоқтату керек. Ата заңымыз бойынша дін мен мемлекет бөлек болғанымен дін мемлекеттің ішінде дамиды.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары діни экстремизмнің және лаңкестіктің алдын алу бағытында орасан жұмыс жүргізуде. Соның нәтижесінде діни экстремизм мен лаңкестер ұйымдарының мүшелері ҚР қылмыстық заңнамасымен қарастырылған қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Адамзат жаңа дүние жүзілік проблемалармен — радикалдық исламның халықаралық экстремизм мен терроризмнің агрессиялық көріністерімен қақтығысып отыр. Өзінің геосаяси орналасуына байланысты Қазақстан үшін бұл жағдай көкейкесті мәселе болып тұр. Қазақстан үшін негізгі қауіп Орта Азия, Фергана алқабының өлкелерінен төніп тұр. Бұл елдерде радикалдық экстремизм идеялары кеңінен жайылған Қалалар мен ауылдарды, көрші елдерді аралап, тегін діни кітап таратып, өздерінің теріс пиғылдарын ішінара жүргізіп жүргендерді кездестіру жаңалық емес. Осы миссионерлердің қурығына түсіп қалмауы үшін ақыл-ойы толыққан әр азаматтың діни сауаты болғаны жөн.

Ислам діні — бейбіт өмірді қалап, барлық халықтармен достық қарым-қатынаста болуға, тазалыққа,

мейірбандыққа, тәртіпке шақырады. Исламға теріс қылықтар көрсетіп, ірікті салушылар болса, олардың бұл әрекеттері дінді терең түсінбей өздері адасып қана қоймай, өзгелерді де адастырмақ ниетте жүрген адамдар. Адасқан адамдардың қожайындары шеттен келгендер, олар өзінің іс-әрекетін заңсыз жүргізіп отырған діни ағымдарының өкілдері. Қомақты қаржы жұмсап, соның арқасында өз арам ойларын жоспарланған түрде іске асыруда. Көптеген біздің жастарымыз ақшаның, құлқының құлдарына айналып бара жатыр. Олар азғырушылардың айтқанына еріп, айдауына көніп, адасып және «Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүргісі келетін отандастарымыз. Осыған байланысты қоғамымыздағы осындай дін ағымдарының азғыруына көніп, еліктеп қылмыс жасаушылардың саны

көбеймесе, азаяр емес.

Құранды басқаша бұрмалап, Конституциялық құрылымды жойып, мемлекетті мойындамай, Орта Азиядағы тұрақтылық пен ынтымақты бұзып, жиһад жасап, Кавказ және Орта Азияда бірінғай барлық мұсылмандардың халифатын құрып, өз биліктерін орнатуды аңсап жүрген вахабит-салафиттер, «мұсылман ағайындар», «ХАМАС», «Акроидтер», «Таблиғи жамағат», «Хизбут-Тахрир», «Нақышбандия суфи» т/б дін ағымдары.

ЕС-164/8 мекемесінде арнайы контингент арасында діни экстремизм мен лаңкестіктің теріс идеяларының тарауына жол бермеу мақсатында, құқық қорғау органдарының мүдделі бөлімшелерімен бірлесіп, жергілікті ресми мешіт дін басыларының шақыруымен жаза өтеушілерге түрлі діни ағымдардың, ұйымдардың және секталардың түпкі мақсатын түсіндіру және діндар

сотталғандардың арасында дәстүрлі исламды дұрыс түсіндіру бойынша жеке кездесулер, әңгімелесулер, тәрбиелік мәні бар бейнефильмдер көрсету бойынша әсерлі әдістерін қолдану арқылы кешенді іс-шаралар өткізіледі.

Мекеменің жеке құрамы әскери-қызметтік дайындық сабақтарында бейбітшілік пен ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынас пен ұлтаралық ынтымақтастықты сақтап, экстремизм және терроризммен күресті одан әрі дамыту бағытында және діни экстремизм және терроризм әрекеттерінің алдын алу мақсатында «Діни экстремизм және терроризммен күресті жандандыру» атты бейнефильмімен таныстырылды, дәрістер өткізілді, сонымен қатар әр тақырыпқа талдау жасалып, зерделеу жұмыстары өткізіледі.

Алмат ЫСМАҒҰЛОВ,
«ЕС-164/8 мекемесі» РММ-нің
әділет подполковнигі.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 27 СӘУІР

ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Апта. Кз»
11:05 «Айтуға оңай...» 11:45 «Қыздар». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл». 12:55 «Дауа 13:25 «Білгірлер бәйгесі». 14:15 «Ақсауыт». 14:50 «Джунгли кітабы». Мх. 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «Келін». Тх. 17:00 «Менің Қазақстаным» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын». 18:50 «ЗАН ЖӘНЕ БІЗ». 19:35 «ҚЫЗДАР». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «СЫРҒАЛЫМ». Тх. 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Тх. 22:40 «КЕЛІН». Тх. 23:40 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:10 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:40 «Өзекжарды» 1:00 «Көкпар». 1:45 «Дауа». 2:15 «Шын жүректең!». 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 «Незабытые истории» 10:20 ДфхЗвезда Евразии 11:00 Новости 11:15 Деректі фильм «Ұлытау ұлағаты. Темір жолмен - теңіз жолына» 11:55 Новости 12:00 Прямое включение 12:30 Концерт «Арманға жетелей бер, Астана!» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Концерт «Арманға жетелей бер, Астана!» 14:00 Тс «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» деректі драмасы 16:25 Тс. «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Қызық times» 18:00 Новости 18:15 «Қызық times» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости21:30 Тс «Слово офицера» 22:00 Тс. «А у нас во дворе» 22:50 «Жекпе-жек» 23:35 «Бұйымтай» 00:20 «Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы 00:55 «Айтұмар» 01:45 «Арнайы хабар» 02:15 «Бюро расследований» 02:45 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ
6:00 «Сүйген жар». 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Фильм «ЧУЖОЕ ЛИЦО» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Детектив «ПАУТИНА-5» 15:30 «112» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Мелодрама «ВЗГЛЯД ИЗ ВЕЧНОСТИ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар». 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 23:55 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК...» Кино 1:50 «П@УТИНА» 2:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар». 3:35 «Контрольная закупка»

СЕЙСЕНБІ, 28 СӘУІР
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Сырғалым». Тх. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қыздар». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл». 12:55 «SPORT.KZ» 13:15 «Алан» 14:00 «Сыр-сұхбат» 14:30 «Айдаһар мінген шабандоздар». Мх. 14:55 «Джунгли кітабы». Мх. 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «Келін». Тх. 17:00 «Келбет» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын». 19:10 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 19:35 «ҚЫЗДАР». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «СЫРҒАЛЫМ». Тх. 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». 22:50 «КЕЛІН». Тх. 23:40 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:10 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:45 «Өзекжарды» 1:05 «Сыр-сұхбат» 1:35 «Шарайна». 2:05 «Келбет» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Мс «Маша и медведь» 10:25 Мс «Мишки Гамми» 10:50 Мс «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы 11:45 «Магия кухни» 12:20 Тс «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Док. драма. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» деректі драмасы 16:30 Тс. «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Экономкласс» 18:00 Новости 18:15 Тс. «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Новости21:30 Тс «Слово офицера» 22:00 Тс. «А у нас во дворе» 22:50 «Арнайы хабар» 23:20 «Бұйымтай» 00:05 «Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы 00:40 «Айтұмар» 01:30 «Арнайы хабар» 02:00 «Бюро расследований» 02:30 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ
6:00 «Сүйген жар». 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Фильм «ЧУЖОЕ ЛИЦО» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Детектив «ПАУТИНА-5» 15:30 «112» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Мелодрама «ВЗГЛЯД ИЗ ВЕЧНОСТИ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар». 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 23:55 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК...» Фильм 1:50 «П@УТИНА» 2:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар». 3:35 «Контрольная закупка»

СӘРСЕНБІ, 29 СӘУІР
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Сырғалым». Тх. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қыздар». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл». 12:55 «Зан және біз» 13:35 «Қылмыс пен жаз» 14:00 «Поззия өлемі» 14:30 «Айдаһар мінген шабандоздар». Мх. 14:55 «Джунгли

кітабы». Мх. 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «КЕЛІН». Тх. 17:00 «ҚАМАЛ ҚОРҒАҒАН ҚАЗАҚ». 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын». 19:10 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ» 19:35 «ҚЫЗДАР». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «КӨК ТАРЛАНДАРЫ». Тх. 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». 22:50 «КЕЛІН». Тх. 23:40 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:15 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:45 «Өзекжарды» 1:10 «Қамал қорғаған қазақ». 1:40 «Ас болсын!» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Мс «Маша и медведь» 10:25 Мс «Мишки Гамми» 10:50 Мс «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы 11:45 «Магия кухни» 12:20 Тс «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Док. драма. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Улыбка пересмешника» /заключительная/ 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» деректі драмасы 16:25 Тс. «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Мен қорған соғыс» 17:55 «Незабытые истории войны» 18:00 Новости 18:15 Тс. «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «100 бизнес-историй» 21:00 Новости21:30 Тс «Слово офицера» 22:00 Тс. «А у нас во дворе» 22:50 «Біздің үй» 23:40 «Бұйымтай» 00:25 «Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы 01:00 «Айтұмар» 01:50 «Арнайы хабар» 02:20 «Бюро расследований»

ЕВРАЗИЯ
6:00 «Сүйген жар». 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Фильм «ЧУЖОЕ ЛИЦО» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Детектив «ПАУТИНА-5» 15:30 «112» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Мелодрама «ВЗГЛЯД ИЗ ВЕЧНОСТИ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар». 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 23:55 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК...» 1:50 «П@УТИНА» 2:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар». 3:35 «Контрольная закупка»

БЕЙСЕНБІ, 30 СӘУІР
ҚАЗАҚСТАН
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Көк тарландары». Тх. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қыздар». Тх. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл». 12:55 «Агробизнес» 13:20 «Журналистік зерттеу» 13:40 «Сіз не дейсіз?» 14:10 «Жан жылуы» 14:35 «Айдаһар мінген шабандоздар». Мх. 14:55 «Джунгли кітабы». Мх. 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «Келін». Тх. 17:00 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын». 19:10 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРСІ» 19:35 «ҚЫЗДАР». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «КӨК ТАРЛАНДАРЫ». Тх. 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». 22:50 «КЕЛІН». Тх. 23:40 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:15 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:45 «Өзекжарды» 1:05 «Қылмыс пен жаз» 1:25 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм 1:55 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Мс «Маша и медведь» 10:25 Мс «Мишки Гамми» 10:50 Мс «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 Әр үйдің сыры басқа деректі драмасы 11:45 «Магия кухни» 12:20 Тс «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Документальная драма. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Баллада о Бомбере» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» деректі драмасы 16:25 Тс. «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 Тс. «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Моя история войны» 20:45 «Жеруық» 21:00 Новости21:30 Тс «Слово офицера» 22:00 Тс. «А у нас во дворе» / заключительная серия/ 22:50 «Біздің үй» 23:30 «Бұйымтай» 00:15 «Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы 00:50 «Айтұмар» 01:40 «Арнайы хабар» 02:10 «Бюро расследований» 02:40 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ
6:00 «Сүйген жар». 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Фильм «ЧУЖОЕ ЛИЦО» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБИТИРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Детектив «ПАУТИНА-5» 15:30 «112» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Мелодрама «ВЗГЛЯД ИЗ ВЕЧНОСТИ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар». 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 23:55 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК...» Фильм 1:50 «П@УТИНА» 2:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар». 3:35 «Контрольная закупка»

ЖУМА, 1 МАМЫР
ҚАЗАҚСТАН
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІ
7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Көк тарландары». Тх. 10:50 «Ағайынбыз бәріміз». Концерт 11:50 «Қыздар». Тх. 12:40 «ИМАН АЙНАСЫ» 13:05 «Ұлы жеңіске - 70 жыл». 13:20 «Ұлттық шоу» 14:25 «Қазақстан - біздің ортақ шаңырағымыз!». Мфдер 14:45 «Баламен бетпе-бет» 15:05 «ӘЙЕЛ

БАҚЫТЫ». 16:10 «Келін». Тх. 17:05 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕЖАРДЫ» 18:10 «Ғасырлар үні» 18:40 «Жайдарман» 19:00 «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» 19:35 «Қыздар». Тх. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 Мерекелік концерт 22:50 «КЕЛІН». Тх. 23:40 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:10 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:45 «Өзекжарды» 1:05 Комедия «Жиде. Кешіккен махаббат» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Мерекелік концерт /басы/ 11:00 Новости 11:10 Прямое включение 12:10 Мерекелік концерт /жалғасы/ 12:40 «Бірлігіміз жарасқан 20 жыл» деректі фильмі 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Кино. Николай Рыбников, Нина Иванова в кинофильме «Весна на Заречной улице» 15:00 Новости15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Ду-думан» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Мф. «Қазақстан – біздің ортақ шаңырағымыз» 17:45 Мф. «Мақтаншақ қыз» 18:00 Новости 18:15 Мерекелік топтама «Достық жыры» 18:45 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Деректі фильм «Достық үй»-2 21:00 Новости21:30 «Жеті ән» 23:00 Кино. «Земля обетованная» 01:10 Кино. «Мұстафа Шоқай»

ЕВРАЗИЯ
6:00 «Сүйген жар». 7:00 Фильм «АРИСТОКРАТЫ» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 Мелодрама «С ЧИСТОГО ЛИСТА» 10:50 «ЛЕВ ЛЕЩЕНКО. НИ МИНУТЫ ПОКОЯ» 12:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 12:50 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:25 «101 КЕҢЕС» 13:50 «П@УТИНА+» 14:50 «СТАРЫЕ ПЕСНИ О ГЛАВНОМ» 16:50 Мелодрама «ПАПА ДЛЯ СОФИИ» 21:00 «Сүйген жар». 22:20 «Джодха және Акбар». 23:45 «Сегодня вечером» с Андреем Малаховым 1:45 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:30 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 3:00 «101 КЕҢЕС» 3:20 «АРИСТОКРАТЫ»

СЕНБІ, 2 МАМЫР
ҚАЗАҚСТАН
7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:10 «Қымызхана» 8:40 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ». 10:05 «ДАУА» 10:40 «Ас болсын!» 11:25 «Әзіл өлемі» 13:00 «БЫЛҒЫРЛАР БӘЙГЕСІ». 13:45 «ПОЭЗИЯ ӨЛЕМІ» 14:15 «Ағайынды» Тх. 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Қазақстан - біздің ортақ шаңырағымыз!». Мф 18:50 Бекжан Әшірбаевтің шығармашылық кеші 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:00 «СЕНБІЛІК КЕЗДЕСУ» 22:35 «ЖАЙДАРМАН». Республикалық Премьер Лига. 0:10 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:45 Комедия «Алаяқ Дик пен Джейн» 2:20 «Ғасырлар үні» 2:55 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР
07:02 «Ду-думан» 08:30 «Мир в картинках» 08:55 «Бармысың, бауырым?» 09:40 «Продвопрос» 10:00 «Спорт без границ» 10:25 Дф «В память о Нурлане Каппарове» 10:55 Мф «Медведи-соседи» 12:25 Кино для всей семьи. «Дорогая, мы себя уменьшили» 13:45 «Орталық Хабар» 14:40 «Жеті ән» 16:15 Кино «Сумерки. Сага. Затмение» 18:20 Концерт Ш. Қалдаяқов «Әнім сен едің» 19:50 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Мерахит. «Шаг вперед: всё или ничего» 23:50 Кино. «Минси жігіт» 01:20 Деректі сериал «Айрықша туған айымдар»

ЕВРАЗИЯ
6:00 Фильм «НЕЗНАКОМКА ИЗ УАЙЛФЕЛЛА» 6:45 «Джодха және Акбар». 7:45 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:15 «П@УТИНА+» 9:00 Новости 9:10 «СМАК» 9:45 Мелодрама «ШЕСТЬ СТОТК СЧАСТЬЯ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:05 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:30 «101 КЕҢЕС» 14:00 «П@УТИНА+» 14:50 «СТАРЫЕ ПЕСНИ О ГЛАВНОМ» 16:30 Мелодрама «ПРОПАВШИЙ ЖЕНИХ» 20:30 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 21:30 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 22:50 «ӨН ДАРИЯ» 23:40 Детектив «МОЯ ФАМИЛИЯ ШИЛОВ» 1:30 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 2:15 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:40 «101 КЕҢЕС» 3:00 «НЕЗНАКОМКА ИЗ УАЙЛФЕЛЛА» 3:50 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 4:20 «КОНТРОЛЬНАЯ ЗАКУПКА»

ЖЕКЕНБІ, 3 МАМЫР
ҚАЗАҚСТАН
7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:00 «Қымызхана» 8:30 «АҚСАУЫТ» 9:00 «БҮГІН ЖЕКЕНБІ». Таңғы ақпаратты-танымдық бағдарлама. 10:30 «БАЛАМЕН БЕТПЕ-БЕТ» 10:50 «Қазақстан - біздің ортақ шаңырағымыз!». Мфдер 11:55 «Шарайна». 12:25 «Ұлттық шоу» 13:45 «ЖАРҚЫН БЕЙНЕ» 14:15 «Ағайынды» Тх. 16:50 «МӨҢГІЛІК ЕЛ». 18:20 «Әзіл өлемі» 20:00 «АПТА. КЗ» 21:05 «АСЫЛ АНА». 23:05 «АЛАҢ» 23:55 Комедия «Піл» операциясы» 1:40 «КӨКПАР». 2:20 «АПТА. КЗ»

ХАБАР
07:02 «Ду-думан» 08:30 «Айбын» 09:00 «Жеті күн» 09:55 «Ас арқау» 10:15 «Спорт өлемі» 10:40 Мф. «Кино о гордой семье» 12:10 Кино. «Лимонадный рот» 13:20 «Бенефис-шоу» 14:30 «Бұйымтай» 15:10 Комедия «Не бойся, я с тобой!» 17:50 Концерт. 19:50 «Қызық times» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Мерахит. «Саботаж» 23:55 Кино. «Бейғам бойжеткен» 01:55 Деректі сериал «Айрықша туған айымдар»

ЕВРАЗИЯ
6:00 Фильм «НЕЗНАКОМКА ИЗ УАЙЛФЕЛЛА» 7:40 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 Новости 9:10 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗПОТО». 10:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ». 11:55 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 13:05 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:40 «101 КЕҢЕС» 14:05 «ӨН ДАРИЯ» 15:00 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» 15:40 Мелодрама «СЛЕПОЙ РАССЧЕТ» 19:50 К 70-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ. «НАША ВОЙНА» 21:00 «АНАЛИТИКА» 22:00 «П@УТИНА+» 23:05 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» 2:05 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:30 «101 КЕҢЕС» 2:50 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС НӨ» 3:20 «НЕЗНАКОМКА ИЗ УАЙЛФЕЛЛА»

Айыртау ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсетулері

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес 8 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

- тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін сондай-ақ өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарды басқаруға куәлік беру;
- тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін сондай-ақ өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарды басқаратын тұлғаларды тіркеу;
- тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу;
- тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу;
- тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу;
- тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу;

- Мал шаруашылығы өнімінің сапасын және өнімділігін арттыруға қаржыландыру;
- «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қаржыландыру».

2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2014 жылдың 31 желтоқсанын қоса 3276 мемлекеттік қызмет ұсынылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін жетілдіру үшін барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге карточкалар жүргізіледі, мұнда әр қызмет алушы қызмет берушінің жұмысын «жаман», «орташа», «жақсы» деп бағалай алады.

2015 жылдың кезеңіне «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік қызмет көрсету сұрақтары бойынша қызмет алушылар жағынан өтініштер түскен жоқ.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қызмет алушының ризашылығын және тиімділігін арттыру үшін қызмет алушылардың арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Едрес **ЖАНАПИН**, ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Жекешелендірудің екінші толқыны

2014 жылдың шілдесінде елімізде жекешелендірудің екінші толқыны басталды. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 бекітілген қаулысының 2014-2016 жылдарға арналған жекешелендіру кешеннің жоспарына сәйкес өткізіледі. Коммуналдық меншік ұйымдардың тізбесіне, Үкімет қаулысының 1 қосымшасына сәйкес біздің ауданымыздың екі кәсіпорны кірді - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауд

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	23/04 БС	24/04 ЖМ	25/04 СН	26/04 ЖК	27/04 ДС	28/04 СС	29/04 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+14 +5	+11 +4	+14 +6	+10 +5	+7 +2	+8 +2	+12 +2
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		724	731	729	724	735	738	740
Желдің бағыты		О-Б	О-Б	О-Б	О-Б	Б	О	С
Желдің шапшаңдығы		5	8	9	6	7	2	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Байқау

ПОЭЗИЯ АЙДЫНЫ



Адамның қалыптасуының бала кезден басталатыны бірімізге белгілі қағида. Жақсылық та, өнер де адам бойына сол кезден бастап-ақ егіледі. Бақшадағы тәрбиеші апайлары оны әлі күнге шейін сағына еске алады. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған сәттен-ақ өзінің өнерге, білімге деген ерекше талпынысымен көзге түскен бүлдіршін ұстаздарын да, сыныптастарын да тез арада баурап алды. Сабақтағы алғырлығы, әнге құмарлығы, өлең-жырды нақышына келтіріп, жатқа оқып беруі оның талапты да талантты жасқа айналуына себепкер болды. Кішкентайынан мектепшілік іс-шараларға қатысып, ысылып алған ол жүре келе аудан көлемінде ұйымдастырылып жүрген үлкен мерекелердің жүргізушісіне айналды. Өлең оқуда шеберлік таныта білген шәкіртін 5-сыныптан байқаған қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі Қажкеннова Сая Әлкенқызы оны Абай өлеңдерін оқу сайыстарына дайындай бастады. Бірнеше рет аудандық мәдениет үйінде жергілікті ақынмыз Табылды Кенжетаевтың шығармашылығына арналып, ұйымдастырылған кездесулерге қатысып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Ауылдастарын, сыныптастарын өнерімен тәнті еткен бұл кім десеңіз, ол – Саумалкөл қазақ орта мектебінің 10 «Б» сынып оқушысы Нәжженов Айдын Есімұлы. «Өнегелі болса бала көрікті» – демекші, білімділігі де, өнерлілігі де,

ибалы, тәрбиелілігі де өзіне жарасып тұрған Айдындай шәкіртке әрі ұстаз, әрі сынып жетекші болғанымға мен де қуанамын.

Мектепшілік, аудандық Абай оқуының жеңімпазы Айдын 2014 жылдың қыркүйегінде Семей қаласында өткен XV Республикалық Абай оқуына қатысып, қатысушы сертификатына ие болды. Өзіндей өнерлі жастармен бірге үлкен додаға түсіп, сонымен бірге дана Абайды дүниеге әкелген Шыңғыстаудың етегінде болып, Жидебай жерін тамашалап қайтты. Алған әсері – орасан зор. Ал желтоқсан айында қазақ халқының хас батыры Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерей тойына орай Алматы қаласында ұйымдастырылған I Республикалық Бауыржан оқуы байқауына «Алаштың айбыны – Бауыржан Момышұлы» тапқырлық таныту номинациясы бойынша қатысып, III Дәрежелі Дипломмен оралды.

«Өнерлі жігіт өрде озар», – деп халық бекер айтаған. Тек өнерімен ғана шектелмей, оқуда озат Айдын халықаралық интеллектуалдық олимпиадалар жеңімпазы, салауатты өмір салтын қолдайтын спортшы. Жақында сыныптастары Аида, Әлібек, Ғалия, Алмастармен бірге математикадан халықаралық қашықтық олимпиадаға қатысып, «Инфоуроқ»-тың I Дәрежелі Дипломымен марапатталды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін Айдынмыз ұстазы Сая Әлкенқызы екеуі сәуірдің 6-8 аралығында Алматы қаласында

өткен Жазушылар Одағының «Ғұмырдария» әдеби бірлестігі ұйымдастырған I Республикалық «Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй...» Абай оқуларының балалар мен жасөспірімдер арасындағы ән-жыр байқауына қатысып, Айдын – II Дәрежелі Дипломмен, ал Сая Әлкенқызы педагогикалық еңбек жолында өнерпаз шәкірттерге білім мен тәрбие беруде өскелең ұрпақтың бойындағы азаматтық ұстанымын қалыптастырғаны үшін арнайы «Алғыс хатпен» марапатталды. Жалпы, өлең өнері сөзбен құлпырады. Қазақ әдебиетіне кішкентайынан сусындап өскен Айдынның тіл байлығы тамаша. Сөз саптап, сөйлеу мәнері тыңдаған жанның құлақ құрышын қандыратындай. Мен дәріс беретін орыс әдебиеті сабағында Пушкин мен Лермонтов, Фет пен Тютчев өлеңдерін нақышына келтіріп оқып тұрған Айдынды сыныптастары сүйсіне де қызыға тыңдап отырады.

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің асқар шыңын бейнелейтін кемегері Абай Құнанбаевты 1995 жылғы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша әлем ғұламасы, адамзаттың данасы десек, осындай ұлы ақынның халқымызға қалдырған мирасын насихаттауға үлесін қосып жүрген үлкен жүректі жас Айдынымыз Мәңгілік Елге айналып бара жатқан Тәуелсіз еліміздің бүлбүлі іспеттес. Абай атасының өлеңдері арқылы қазақтың ғана емес, әлем Поэзиясының айдынында қалықтап, жүзе берші, Айдыным, – демекпін шәкіртіме. Мектебіміздің сүйікті ұстазы, аяулы әріптесіміз, жоғары санаттағы қазақ тілі, әдебиеті пәні мұғалімі Қажкеннова Сая Әлкенқызы, Айдындай талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін.

Өлең, жыр – халқымыздың жан серігі десек, эстетикалық тәрбиенің ең бірінші бастауы – ол сәбидің дүниеге келген уясы – отбасы. Айдынның халық ауыз әдебиетін жетік білуі, өнерге бейімділігі, білімпаздығы – бәрі-бәрі анасы Туғаныс пен әкесі Есімнен дарығаны сөзсіз. Анасының тиянақтылығы, еңбекқорлығы мен сабырлылығы, әкесінің тіл байлығы, шешендік қабілеті, көпшілдігі, жарқын мінезі Айдынның болашағының шамшырағы болмақ.

Зүбайраш СЕЙІТҚАСЫМ,
Саумалкөл қазақ орта мектебі.

Дарынды Дәулет



Дәуқара орта мектебінің 8-сынып оқушысы Құрмаш Дәулеттің шығармашылдық жұмыспен айналыса бастағанына биыл үшінші жыл. Осы уақыт аралығында ол өзін өнердің әр қырынан көрсете білді.

5-сынып оқып жүргенде-ақ ол драмалық шығармада Абай Құнанбаевтың бейнесін сомдап, аудандық байқауда жеңімпаз атанды. 2013 жылы облыстық «Абай оқуында» ақынның өлең-дастандарын мәнерлеп айтудан жүлделі III-орынды иеленді. Ал 2014 жылы «Менің Елбасым» атты облыстық байқауда үздік аталып I-орын алды. Сол жылы күзде Атырауда өткен республикалық «Махамбет оқуынан» да III-орынмен оралды. Биылғы аудандық пәндер олимпиадасына да, «Жарқын болашақ» КАТЕҮ олимпиадасына да қатысып қазақ тілі мен әдебиетінен жүлдегер атанса, облыстық сайыста да үздік өнер көрсетіп, сәуір айында Астанада өтетін «Жарқын болашақ» олимпиадасына жолдама алды. Дәулет сондай-ақ аудандық,

облыстық жас ақындар байқауында да өзінің поэзияға деген талабы мен талантын дәлелдеп жүр.

Дәулеттің талабы мен талантына жол көрсетіп, өлеңнің қырсырына үйретіп жүрген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қасым Нұрғалиұлы. Ақын ұстаз «Жас ақындар» атты үйірме ашып, Дәулет секілді талапты, шығармашыл жастарды дайындап жүргелі де ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Одан бері ол кісінің алдынан тіл мен әдебиетті сүйетін, өлең мен өнерді қастерлейтін бірталай өрендер шықты. Әлі де аталмыш мектепте өлең әлеміне бас сұққан Дәулет секілді дарынды, талапкерлер аз емес. Аты ақындарымен, сал-серілерімен танымал болған Айыртаудай киелі өңірді баршаға танымал ететіндердің бірі Дәулет Құрмаш болатынына сеніміміз мол.

Гүлмира МӘЛІКҚЫЗЫ,
Дәуқара ОМ-нің психологі.

2015 жылдың II тоқсанындағы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» ММ азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«СҚО Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысының м.а. **Досымбеков Құрал Досымбайұлы** азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй, телефоны - 22-969.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметкерлермен қылмыс жасау фактілерін, құқық бұзушылықтарын және Ар-намыс кодексінің талаптарын сақталмаулары туралы қоңырау шалып хабарлай алады. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **22-969, 21-966 сенім телефондары** қызмет етеді.

2015 жылдың II тоқсанындағы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының және орынбасарының азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

Жананин Едрес Жәзиртұлы - ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы әр сейсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Д. Сыздықов көшесі 4. Телефон 21-717.

Салғарин Серікбай Қойшығараұлы - ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары, әр сәрсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Д. Сыздықов көшесі 4. Телефон 21-432.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінде **21-717** сенім телефоны жұмыс істейді. Сенім телефоны арқылы сіздер қызметшілер мен лауазымды тұлғалар тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды хабарлай аласыздар. Қоңырау шалыңыздар, сіздердің хабарландыруларыңыз бей-жай қалмайды.

«Нижнеборлық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Нижнеборлық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Жүсіпов Мұратбек Ақжігітұлы** әр аптаның жұма күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Нижнеборлық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8 (71533) 48-444 сенім телефоны** қызмет етеді.

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Жайықов Еркебұлан Сапарғалиұлы** әр аптаның жұма күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8 (71533) 46-244 сенім телефоны** қызмет етеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Айыртау психоневрологиялық интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қайтыс болған келесі азаматтардың туыстары және мұрагерлері бар болса, мына мекен-жайға хабарласуларыңызды өтінеміз: «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 44, тел. 8-715-33-22-751.

Долбішев Юрий Иванович 12.08.1962 жылы туған, қайтыс болған күні 26.05.2013 жыл.

Зарипов Рафаил Закирович 22.01.1955 жылы туған, қайтыс болған күні 01.08.2012 жыл.

Карицкая Тамара Фёдоровна 16.02.1963 жылы туған, қайтыс болған күні 23.05.2013 жыл.

Лопатина Любовь Константиновна 26.07.1952 жылы туған, қайтыс болған күні 27.11.2010 жыл.

Саликова Мария Константиновна 26.06.1935 жылы туған, қайтыс болған күні 16.10.2010 жыл.

Филатов Иван Викторович 15.05.1964 жылы туған, қайтыс болған күні 22.12.2013 жыл.

Шлейкова Ольга Григорьевна 03.03.1966 жылы туған, қайтыс болған күні 11.01.2011 жыл.

Степина Анна Арсентьевна 25.07.1934 жылы туған, қайтыс болған күні 11.08.2014 жыл.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы **Ирина БУРКОВСКАЯ** Редактор **Бағлан ҚОЖАҚОВ**

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Жанат СӘБИТОВ
Теруші Барқыт КӨКЕНОВА
Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.

Индексі 65844. Таралымы 1120, № 389 тапсырыс Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде 30.05.2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.

Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.